ЭКОНОМИКА



АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ
серпінді дамып келе жатқан өңірлік құрылым 10

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

12+

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №73 (6635) 15 тамыз, жұма, 2025 жыл. | www.aqshamnews.kz

ӘКІМ

## «Нұркент» тұрғын үй кешені:

# ТҮЙТКІЛДЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

### су да, жарық та, аула да ретке келеді

**Алматы қаласының әкімі Дархан Сатыбалды Алатау ауданындағы «Нұркент» тұрғын үй кешенінің тұрғындарымен кездесіп, ең өзекті түйткілдерді қыркүйектің соңына дейін шешуді тапсырды.**

Кездесу барысында тұрғындар ауызсудың тапшылығы, электр қуатының жиі өшуі, балабақша мен мектептегі орын жетіспеушілігі мәселелерін көтерді.

Ауызсудың азаюы Алатау ауданының батыс бөлігінде қарқынды жүріп жатқан құрылыс қарқынымен байланысты. «Нұркент» кешені қазір «Қалқаман» сорғы бекетінен тәулігіне 10 600 текше метр су алады, бірақ жазда тұтыну шегіне жетіп, су қысымы төмендейді. Бұл түйткілді шешу үшін көршілес тұрғын үй кешеніндегі сорғы бекеті қалпына келтіріледі. Қалалық энергетика және сумен жабдықтау басқармасының мәліметінше, құрылыс компаниясы нысанға күрделі жөндеу жүргізіп, тұрғындарды үздіксіз ауызсумен қамтуға мүмкіндік жасайды. Жөндеу жұмыстары 25 қыркүйекке дейін аяқталып, нысан «Алматы Су» ШЖҚ МКК балансына беріледі.

Электр қуатындағы іркілістер жеті трансформаторлық қосалқы станцияның «Алатау Жарық Компаниясы» АҚ балансына әлі өтпеуімен байланысты. Әкім бұл істі жеделдетіп, тұрақты электрмен қамтуды қамтамасыз етуді тапсырды.

Тұрғындар ретсіз қойылған көліктер мен тазалықтың сақталмауына да шағымданды. Әкімнің айтуынша, автотұрақ орналасқан жер мемлекет меншігіне қайтарылып, орнына жаңа балабақша салынады. Сондай-ақ, аулаларды абаттандыру және қоқыс мәселесін шешу аудан әкімдігіне жүктелді.

«Бүгін айтылған барлық мәселе хаттамаға енгізілді. Орындалуын өзім қадағалаймын. 25 қыркүйекке дейін жөнделген сорғы бекеті «Алматы Су» балансына, ал электр желілері «Алатау Жарық Компаниясының» иелігіне беріледі. Аула абаттандырылып, балабақша салынады. Қалған мәселелер де жұмыс тәртібімен шешімін табады», – деді Дархан Сатыбалды.

**Әзірлеген**
**Қ.ЖҰМАДІЛОВА.**



НӨМІРДІҢ НАҚЫЛЫ:

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
еңбегің мен ақылың екі жақтап...»
АБАЙ.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

# «ТЕРЕҢҚҰР» ҚАЙТА ТҮРЛЕНДІ

**Алматының көпке мәлім «Тереңқұр» демалыс аймағы 20 жылдан соң ауқымды түрде қайта жаңартудан өтті. Тәттімбет көшесі мен Достық даңғылына қатарласа созылып жатқан бұл аймақ алматылықтардың сүйікті серуендеу орнына айналған.**

**Дана САДЫРҚАН**

4 гектардан асатын аумақта заманауи талапқа сай жайлы кеңістік жасалып, әр жастағы келушілерге арналған демалыс аймақтары құрылды. Жаңа жаяу жүргіншілер жолдары төселіп, «денсаулық соқпағы» кеңейтіліп, жаңартылды.

Саябақтың әр бөлігін жалғап тұрған ағаш көпірден Есентай өзенінің әсем көрінісі көз тартады. Ұзақ жыл қаңырап жатқан су айдыны тазартылып, бекітіліп, жағалауы көркейтілген. Өзен жағасында өнер сахнасы, қарсы бетінде ашық аспан астындағы амфитеатр пайда болды. Белсенді демалыс үшін үш теннис үстелі, төрт шахмат үстелі және заманауи спорт жабдықтары орнатылған воркаут аймақтары жасалды. Ал балалар үшін екі заманауи ойын алаңы мен экологиялық ойын аймағы құрылды.



Саябақтың басты нышаны – алтын күмбезді аппақ самалдық (ротонда). Оның айналасын қоршаған жолдар ілмелі гүлзарлармен безендірілген. Саябақ аумағына 30 жаңа орындық қойылып, автоматты суару жүйесі мен заманауи жарықтандыру орнатылды. Бүгінде Тереңқұр – «денсаулық соқпағы» ғана емес, сонымен қатар күн сайын 3500-ден астам қала тұрғыны мен турист серуендейтін жайлы орын.

2024 жылы құрылыс-монтаж жұмыстары басталды. Жобаның басты мақсаты – Есентай өзені бойындағы және Тереңқұрдағы екі әйгілі жаяу бағытты біріктіріп, қала тұрғындарының сүйікті демалыс орнына айналдыру.

БІЗДІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДЕН ОҚЫҢЫЗ:
@AQSHAMY_KZ
TikTok
@AQSHAM_NEWS
www.aqshamnews.kz

0 745178 614887

ПРЕЗИДЕНТ

# ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛМЕН КҮРЕС

## Наркотизм – жастардың болашағына балта шабатын, ұлт саулығына қатер төндіретін аса қауіпті дерт

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті.**



Жиында нашақорлық күрделі әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретінде қарастырылып, наркотизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды. Кеңесте Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың және Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановтың баяндамалары тыңдалды.

Президенттің айтуынша, бұл әлеуметтік кеселдің белең алуына қатысты ахуал елімізде де, халықаралық ауқымда да алаңдатарлық жағдайға жетті.

– Наркотизм – заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады. Ұлт саулығына қатер төндіреді. Нашақорлық пен есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдіс алаңдатарлық сипатқа ие болды. Көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік қана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм термині мұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар мен ғалымдар наркотизм ұғымының нашақорлықтан әлдеқайда кең екенін, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық проблемалармен, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштасып жатқанын айтады.

Президент есірткіге тәуелділер емдеу-сауықтыру шараларымен жеткілікті деңгейде қамтылмай отырғанына назар аударып, мәселені шешу қажет екенін мәлімдеді.

– Есірткіге тәуелді жандардың көпшілігі мен олардың жақындары жариялылықтан және жұртшылықтың талқылауынан қауіптеніп, проблемасын жасырады, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған індетке қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп санайды. Президент нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кеңінен жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, жастар арасында есірткінің насихатталуына жол беруге болмайды. Бұл ретте ол интернетте және медиа индустрияда тыйым салынған заттар мен ішімдік ішуді дәріптейтін жағымсыз үрдіс белең алғанына тоқталды.

Жиында есірткімен байланысты құқықбұзушылықты анықтау, жолын кесу мен жазалаудың тиімділігін арттыруға қатысты кешенді мәселелерге ерекше мән берілді. «Кез келген есірткі түрінің өндірісі мен сатылымына қатаң тыйым салынып, мемлекеттің жіті бақылауында болуы керек», – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ есірткі сататын орындар мен зертханалардың иелерін әшкерелеу жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты. Сонымен қатар, күмәнді қаржы операцияларын бақылауға алудың маңызына тоқталды. Бұл түйткіл құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалмауға тиіс.

- **Жиын соңында Президент наркотизмге қарсы күреске қоғам болып жұмылудың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, Үкіметке, өңір әкімдеріне және жауапты мемлекеттік органдарға нашақорлықтан сақтандыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес шараларын күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.**

*БЕТ ҚАТТАЛЫП ЖАТҚАНДА:*

*Мемлекет басшысының Қауіпсіздік Кеңесі отырысында берген тапсырмаларын орындау аясында Премьер-министрдің өкімімен Нашақорлық профилактикасы және есірткі қылмысына қарсы іс қимыл бойынша мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіру жөніндегі республикалық штаб құрылды. Оған Премьер-министр басшылық етеді, басшының орынбасарлары ретінде Премьер-министрдің орынбасары және Ішкі істер министрі айқындалды.*

- ***Штабтың негізгі міндеті – мемлекеттік органдардың нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы тұру жөніндегі іс-қимылын үйлестіру, алдын алу шаралары кешенін жүзеге асыру бойынша тиімді тәсілдер әзірлеу, есірткіге тәуелді адамдардың профилактикасын, емін және оңалту жүйесін жетілдіру.***

*Штаб құрамына Бас прокуратураның, Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің, Қаржы мониторингі агенттігінің, «Ұлттық банктің», Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің өкілдері, сондай-ақ бірқатар жауапты министрлік басшылары енді. Премьер-министрдің өкімімен сондай-ақ облыстарда, Астана, Алматы және Шымкент қалаларында өңірлік штабтар құру көзделген.*

JASTAR FEST ФОРУМЫ

# ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ПЕН БІЛІМПАЗДЫҚ –

## ең асыл қасиеттер

**Елімізде Халықаралық жастар күні және жұмысшы мамандықтар жылы аясында «Жастар болашағы – жарқын Қазақстан» атты республикалық жастар форумы жұмысын бастады.**

### ЖАСТАР – ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Форумға еліміздің барлық өңірлерінен 120-дан астам белсенді жастар – инженерлер, өнеркәсіп кәсіпорындарының мамандары, IT-әзірлеушілер, дәрігерлер, кәсіпкерлер және қоғамдық ұйымдардың өкілдері жиналды. Барлық қатысушылар – 35 жасқа дейін, мақсаты айқын, жаңа сынақтарға дайын және кәсіби өсуге бағытталған. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Халықаралық жастар күніне арналған Jastar Fest форумына қатысушыларға Үндеу жолдады. Ол делегаттарға құттықтау лебізінде жастар қоғамның қозғаушы күші және елді жаңғыртудың басты қозғалтқышы екенін атап өтті. Форумға қатысушыларға Мемлекет басшысының бейне құттықтауы LED-экран арқылы көрсетілді.

### «ЕЛІМІЗГЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚАШПАЙТЫН ЖАҢАШЫЛ ЖАСТАР ҚАЖЕТ»

– Халықаралық жастар күні – мән-мағынасы ерекше мереке. Бүгін осында нағыз отаншыл, дарынды және жанашыр жастар жиналды. Түрлі кәсіпті меңгерген азаматтар бас қосып отыр. Халқымыз қашан да талапты жастарды қолдаған. «Ақыл – жастан» деп, оларға зор сенім артқан. Сіздер барлық салада белсенді түрде еңбек етіп жатсыздар. Волонтер ретінде мұқтаж жандарға көмек беріп жүрсіздер. Маңызды бастамаларға, экологиялық іс-шараларға атсалысып, қолдау көрсетіп келесіздер. Спорт, білім сайыстарында топ жарып, елдің абыройын көтеріп жүрсіздер. Осылайша Әділетті, Таза әрі Қуатты Қазақстанды құруға нақты үлес қосып жатсыздар. Мен баршаңызға шынайы ризашылығымды білдіремін!

Еңбекқорлық пен білімпаздық, жанашырлық пен жауапкершілік – ең асыл қасиеттер. Биыл – Қазақстанда Жұмысшы мамандықтар жылы. Осыған орай, біз ауқымды шараларды қолға алдық. Елімізде еңбек адамына әрдайым ерекше құрмет көрсетілуі керек. Мұны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру маңызды, себебі, еңбек – әрбір адамның өмірінің тұғыры, қозғаушы күші.

Еңбексіз ешқандай даму, өркендеу болмайды. Бұл бастаманың мән-маңызы да – осында. Жастар қашанда және қай кезде де өзгерістің басы-қасында жүреді. Сіздер дүние әп-сәтте мың құбылатын заманда өмір сүріп жатсыздар. Жастардың өздерін танытуына мүмкіндік мол. Озық ойлы жастардың қоғам өміріне белсене араласуы, білімпаздығы, еңбек етуге және өзін-өзі дамытуға құштарлығы қуантады. Өйткені, еліміздің бүгіні де, ертеңі де – Сіздер. Отанымыздың тағдыры белгілі бір дәрежеде жас буынның күш-қуатына, ой-пікіріне, білім-білігіне, табандылығы мен патриоттық қасиеттеріне байланысты. Мемлекет өскелең ұрпаққа тиісті жағдай жасайды. Қазақстанда білім алу және еңбекпен қамту мүмкіндіктерін кеңейтуге, таланттарды шыңдауға, жеңілдікпен баспана сатып алуға, сондай-ақ жастар кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған көптеген бағдарлама әзірленіп, іске қосылуда. Бұл игіліктерді 600 мыңнан аса жас көріп отыр.

Сондай-ақ, олар арнаулы квота арқылы Мәжіліс пен мәслихат қызметіне белсенді атсалысуға мүмкіндік алды. Президенттік жастар кадр резерві мүшелері де іскерлік қырымен танылып, жоғары лауазымдарға тағайындалып жатыр. Ауыл мен аудан әкімдерін тікелей сайлау тәсілі көптеген жастың жергілікті атқарушы билік жүйесіне қызметке келуіне жол ашты. Дүние жүзінде жастарға арналған осындай мазмұнды бағдарламалар көп емес. Мемлекетіміз стратегиялық маңызы бар бұл саясатты міндетті түрде жалғастырады. Елімізге жауапкершіліктен қашпайтын, аянбай еңбек ететін әрі өзін ұдайы жетілдіріп отыратын жаңашыл жастар қажет.

Хакім Абай **«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап»** деп бекер айтпаған. Ұлы ойшылдың бұл өсиеті бүгін де – өзекті. Қазақстан жастары – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, жасампаз азаматтар. Еліміздің жарқын болашағы – өскелең ұрпақтың қолында. Мен Сіздерге сенемін! Қастерлі Отанымыз өсіп-өркендей берсін! Жолдарыңыз ашық болсын! Жастарымыз әрқашан бақытты және табысты болсын! – делінген Президент Үндеуінде.

### АУҚЫМДЫ ПІКІРТАЛАС АЛАҢЫ

Форум жұмысына Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Ермек Көшербаев қатысты. Вице-премьер Үкіметтің жас қазақстандықтарды қолдау бойынша кешенді іс-шаралар іске асырып жатқанын хабарлады. Қазақстан кадрларды даярлаудың халықаралық стандарттарын белсенді енгізіп жатқанын атап өтті. «Біз қоғамның жұмысшы мамандықтарға деген көзқарасын өзгертуіміз керек – бұл тұрақтылыққа, лайықты жұмысқа және кәсіби өсуге апаратын жол», – деді спикер.

Форум пікір алмасу, оқыту және тәжірибемен бөлісу форматында өтті. Қатысушылар пленарлық отырыстар мен тақырыптық сессияларға қатысты, өнеркәсіп, бизнес және креативті индустрия өкілдерінен тәжірибелік кеңестер алды, тренингтер, диалог алаңдары мен шеберлік сыныптарынан өтті, сондай-ақ өңірдің жетекші кәсіпорындарында болды. Форум аясында «Жастар FEST» ауқымды жастар фестивалі ұйымдастырылды. Талантты жастар мен танымал орындаушылардың қатысуымен Open AIR форматындағы концерттік бағдарлама мыңдаған көрермендерді шығармашылық және ашық диалог атмосферасына біріктірді. Республикалық жастар форумы тек мереке ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік қолдауды, кәсіби жандардың тәжірибесі мен жаңа буын ұрпақтың энергиясын біріктірген ауқымды пікірталас алаңына айналды. Мұндай іс-шаралар елдің кадрлық әлеуетін қалыптастыруға ықпал етеді, жұмысшы мамандықтардың беделін арттырады және жастардың Қазақстанды жаңғыртуға белсенді қатысуына жағдай жасайды.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**
**(Дереккөз:akorda.kz).**

# ҚОҒАМДЫҚ БАҚЫЛАУ:

## Мемлекеттің өркендеуі, қоғам сапасының артуы – ортақ мүдде

**Бүгінгі күні әлеуметтік желілер қоғамдық бақылау тетігіне айналғанын ешкім жоққа шығара алмайды. Оның үстіне атқарушы органдардың, жауапты мекемелердің жұртшылық шағымы мен қолдауын да осы платформалар арқылы аңғарып, соның ауанына қарай шешім қабылдау жағдайы да ішінара кездесетінін жасыра алмаймыз. Қоғамдық бақылау – бұл дау-дамай арқылы шешімдерге әсер ету ғана емес, бұл өмір сүру мәдениеті, әлеуметтік қатынас тәртібі.**



(Сурет: ЖИ).

### Ашықтық және жүйелі кері байланыс

Дүние жүзі халықтарының арасында сөзге тоқтаған, уәде мен келісімнің, обал мен сауаптың, әділет пен ақиқаттың мәнін терең ұғынған халық екенімізді айтып кеуде соғамыз. Расында, кешегі қазақ жұртының адамдық қасиеттерге бойлап, құндылықтарын сақтағаны туралы дерек те, аңыз-әңгіме де аз емес. Сол көшелі жұрттың бүгінгі буынының бойында көп дүние көмескі тартқандай ма деген сауал көлденең шыға береді...

Мемлекеттің өркендеуі, қоғам сапасының артуы – сіз бен біздің, кейінгі ұрпақтың ең басты әрі ортақ мүддесі. Ал қоғамдық келісімді жүйелі орнықтыру, азамат пен мемлекеттің өзара байланыс тәртібін қалыптастыру – әрбір қатысушының қызығушылығына негізделген дүние...

**•Әлеуметтік желі мен қолжетімді интернеттің біздің қоғамға дендеп енгеніне он жылдың жүзі енді көрінген шығар. Алайда, өркениет жетістігі дейтұғын жаңа құндылықтардың ғасырлап қалыптасқан тәртіпті тас-талқан етуге әлеуетті екенін бажайласақ, таң-тамаша қалмасқа шара жоқ. Былтыр жария болған зерттеу материалдарда ел халқының шамамен, 72 пайызы (бұны 15 миллионға жуық адам деп біліңіз) әлеуметтік желі қолданушысы болып саналады. Және бір платформа емес, әлем жұртшылығына, кем дегенде аймаққа белгілі бірнеше желіде тіркелген.**

Желі қолданушылары арасында көзге көрінбейтін шекаралар да бар: мысалы, TikTok, Instagram сияқты платформаларды жас буын көбірек пайдаланады, ал Facebook, X сияқты желілерге жасамыс тартқан жұрт пен ресми тұлғалар бейім дейтін ұғым қалыптасқан. Расында, аталған желілердің негізгі контент өндірушілері жұмысында да айтарлықтай айырмашылық байқалады – TikTok, Instagram бетінде көңіл көтеретін жеңіл әрі ойнақы материалдар көп болса, Facebook желісінде қоғамдық мәселелер, азаматтық қатынастар мен мемлекеттік органдарға қатысты пікірлер көп кездеседі. Бұл жағдайға еліміздегі мемлекеттік органдардың басым көпшілігі ресми интернет-ресурстармен қатар әлеуметтік желіде ресми парақшаларын белсенді жүргізетінін қоссаңыз, әлеуметтік желінің қоғамдық пікірді қалыптастыру һәм басқару тетігі ретіндегі мән-маңызы айқындала түседі.

Қоғамдық пікірдің маңызы күнделікті тұрмыста бір сәт төмендемейтіні белгілі, ал саяси науқан қарсаңында қажеттілігі еселеп артады. Біздің қоғамда бейресми сипаттағы «қоғамдық пікір жетекшілері» деп аталатын топтар бар. Олардың қатарына белгілі қоғам қайраткерлері, еңбек сіңірген өнер, әдебиет өкілдері, әншілер, блогерлер бар. Еш жерде құжатталмайтын осы типтегі жұмыспен қоғамдық пікір қалыптастыру және басқару ісіне аз ғана қатысы бар адамның өзі бұл түсінікпен етене таныс деп топшылаймыз.

### Құқықтық жауапкершілік

Қоғамдық қатынас – заңнамалық деңгейде бақылауға алынатын процесс. Ал қоғамдық пікірдің қалыптасуы, жаңа тетіктері мен технологияларының пайда болуы әдетте табиғи жолмен жүреді. Алайда, қандай да бір шара немесе қызу талқыланатын тақырып аясында қоғамдық пікірдің белгілі мақсат-мүддеге сәйкес қалыптасуына ықпал болатыны белгілі.

**• ҚР «Қоғамдық бақылау туралы» Заңы қабылданды. Бұл – әлеуметтік мемлекеттегі қоғамдық қатынастарды жүйелеу және мемлекеттің халыққа есептілігін қамтамасыз етуге бағытталған аса маңызды тарихи құжат. Осы Заң арқылы мемлекеттік шешімдерге, қоғамдағы үрдістерге бақылау жүргізу, азаматтық бастама көтеру тетіктері қарастырылған. Аталған заң аясында мемлекеттік, квазимемлекеттік мекемелердің жұмыс ашықтығын қамтамасыз ету, есеп беру тәртібін үйлестіру мәселесі көзделген.**

Ықпал ету процесі әлеуметтік желі арқылы жүреді. Желі қолданушыларының ақпарат қабылдау және пікір білдіру жауапкершіліктерін жетік білмеуінің нәтижесінде түрлі мәселе тууы ықтимал. Біздің айтқымыз келетіні – қандай да бір мақсатқа қол жеткізуді көздеген топтардың желі қолданушыларын пайдала отырып ақпараттық манипуляция жасауға, жалған ақпарат тарату мен келесі бір тұлғаға немесе іс барысына ықпал ету мүмкіндігінің бар екені.

Сондай-ақ, дәстүрлі және цифрлы формаларды ұштастырған заңның ең үлкен жаңалығы – «электронды петиция» ұғымының енгізілуі, Epetition.kz деген арнайы мемлекеттік платформасының іске қосылуы. Аталған тетік арқылы қазақстандықтар қоғамдық және мемлекеттік мәселелер бойынша тиісті мемлекеттік органдарға ұсыныс енгізе алады. Құжат тәртібінде бекітілген ереже бойынша 50 мың қол жинаған петиция үкімет деңгейінде міндетті түрде қаралады.

Цифрлық қатынастардың күрделене түсуі және онлайн белсенділіктің артуы жаһандық мәселе ретінде қарастырылады. Бүгінгі таңда бұл мәселе әлеуметтік желілер арқылы және E-Otinish сияқты тиімді нәтиже көрсеткен платформалар арқылы біздің қоғамда да өте белсенді дамып келеді. Ашықтықты қамтамасыз ету, жедел ақпарат беру бірінші жоспарға шыққан кезеңде мемлекеттік органдар да қабылданған нормативтік құжаттардағы міндеттерін орындау үшін жұртшылықпен жиі байланысқа түсетін болды. Президент Әкімшілігінде арнайы құрылымдық бөлім өтініштерді қарайды, әлеуметтік желідегі резонанс туғызған материалдарды да тиісті мекемелер сүзгіден өткізеді, ал барлық мемлекеттік органдар азаматтардың бекітілген тәртіп шеңберінде жолдаған өтініш-шағымдарын міндетті түрде қарап, жауап береді.

Бұл – қоғамдағы ашықтықты қамтамасыз ету, мемлекеттік мекемелердің азаматтармен жүйелі кері байланыс орнатуы, «Еститін Үкімет» тұжырымдамасы осылайша эволюциялық формада – сатылы түрде бірнеше құжаттың қабылдануымен жүзеге асып жатқанының көрінісі.

### Digital-белсенділік және жауапкершілік

Үстіміздегі жылы ақпарат алаңында ерекше көзге түскен жаңалықтардың бірі – Премьер-министр және оның орынбасарларының, ведомство басшыларының апта аралатып баспасөз конференциясын өткізуі. Осылайша Үкіметтің баспасөз құралдарымен тікелей қарым-қатынасы жоғары деңгейге көтерілді. Алғашында ақпараттық толқын болған баспасөз конференциялары бүгінгі күні апта сайын дәстүрлі түрде өтетін қалыпқа көшті.

Мемлекеттік шешімдердің, экономикалық ұстанымның, әлеуметтік мәселелердің, әлеуметтік қолдау тәртіптері мен жалпыұлттық бақылаудағы тақырыптар бойынша (мысалы, АЭС құрылысы) жауапты саяси тұлғалар тұрақты пікір білдіріп, нақты ақпарат ұсынып келеді. Бұл қадам елдің ақпараттық нарығындағы жалған ақпараттың таралуына, ақпараттық манипуляцияға белгілі бір деңгейде тосқауыл қойды деп есептеуге негіз бар.

**• Әлеуметтік желідегі белсенділік, қандай да бір жазбаларға пікір білдіру – әрбір азаматтың құқығы әрі жауапкершілігі. Еліміздегі заңнамалық базада ұлтаралық, дінаралық араздықты қоздыру, қандай да бір кісіні қорлау сияқты мәселелер бойынша қатаң жазалар қарастырылған. Онлайн платформаларды саяси мақсатта пайдалану демократиялық тетіктерді дамытуға, ашықтықты қамтамасыз етуге көмектескенімен, кейде мемлекеттік биліктің саяси ұстанымдарына, мемлекеттік саясатты жүзеге асыруға кері ықпал етуі мүмкін. Сондықтан әлеуметтік желіні пайдалану, азаматтық ұстанымын немесе талап-тілегін жеткізу процестері қолданыстағы заңнамалық база шеңберінде қаралуы керек. Бұл бағытта желі қолданушыларына да түсіндіру жұмыстарын көбейту қажеттілігі бар сияқты.**

Осы орайда дәстүрлі қоғамдық бақылау институттарының – қоғамдық кеңестер, бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар жұмыстарының да жаңа бағытта, digital-дәуірдің жылдамдығына сәйкес дамуы керек екенін айтқымыз келеді. Ресми ақпаратқа қолжетімділік, есептілік пен жеделдік – қоғамдық пікірдің дұрыс қалыптасуына негіз болатын тіреуіш факторлар.

**• Қоғамдық пікір қалыптастыру ісінде жүйелі институттар жұмысы жанданбаса, жалған ақпарат пен арандатушылар ісі жарға жығуы мүмкін. Елді басқару – елге бағыт беру, ортақ іске жұмылдыруға ұмтылу.**



**Әділет МӘДЕНИЕТ,**
**сарапшы.**

HOMETECH & ELECTRA 2025

# АВТОМАТТАНДЫРУ МЕН ЦИФРЛАНДЫРУ –

## өнім сапасын арттырып, бағаны төмендетудің кілті

**Алматыдағы HomeTech & Electra 2025 халықаралық көрмесі – жаңа техника мен электрониканы таныстыратын алаң. Бұл жерде Қазақстандағы сауда мен өнеркәсіптің болашағына қатысты маңызды саяси–экономикалық сигналдар берілді.**

Ернұр РЫСБАЙ

Соңғы жылдары «цифрлы Қазақстан» ұғымы құлаққа әбден сіңді. Бүгінде банк картасын ұстаған кез келген азамат телефон арқылы төлем жасап, азық-түлікке онлайн тапсырыс бере алады. Банктік қызметтер, коммунaлдық төлемдер, билет сату жүйелері – толық цифрландырылған. Бұл бағыттарда ашықтыққа деген қарсылық аз, себебі бизнес пен тұтынушы мүддесі тоғысады, ал бәсекелестік ашық жұмысты талап етеді. Бірақ барлық салада жағдай бірдей емес. Мысалы, ірі көтерме сауда, ауыл шаруашылығы логистикасы, өндірістік жабдық жеткізу, жер және мүлік қатынастары сияқты секторларда цифрландыру баяу дамып келеді. Мұның бір себебі – технологиялық артта қалушылық болса, екіншісі – кейбір топтардың ашықтықты қаламауы.

ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары Шыңғыс Сүйінбаевтың айтуынша, қазір ұлттық индустриялық ақпараттық жүйе әзірленіп жатыр. Бұл жүйе әр кәсіпорынның технологиялық деңгейін, өндірістік қуатын және даму кезеңін нақты уақыт режимінде көруге мүмкіндік береді. 2026 жылдан бастап отандық тауар өндірушілердің тізілімі толық цифрландырылып, KZ CT сертификатынан бірыңғай электрондық базаға көшу жоспарлануда.

– Автоматтандыру мен цифрландыру – өнім сапасын арттырып, бағасын төмендетудің кілті. Жаңа жүйе арқылы біз өндірістің нақты локализациясын көріп, нарықтағы шынайы жағдайды бақылай аламыз, – деді Ш.Сүйінбаев. Сондай-ақ, E-License бағдарламасына жасанды интеллект енгізіліп, импорт-экспорт операцияларын бақылау жеңілдейді. Бұл кедендік және сауда операцияларындағы күмәнді схемалардың алдын алуға бағытталған.

«Бақытты отбасы» жобасы:

# «БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДАЙЫҚ»

## Алатау ауданында кезекті акция басталды

**Алатау ауданында жыл сайын жаңа оқу жылы қарсаңында «Бақытты отбасы» жобасы аясында арнайы акция ұйымдастырылады. Бұл акция әлеуметтік аз қамтылған және көпбалалы отбасыларды қолдауды көздейді. Аудандық партия филиалы осындай отбасылармен кездесіп, мектепке баратын оқушыларды мүмкіндігінше қамтуға күш салады. Білімге құштар балаларға қолдау көрсету – сауапты іс, сондықтан акцияға ауданның жомарт кәсіпкерлері де атсалысады.**

Нұрлан СҮЙІН




«Бақытты отбасы» жобасы аясындағы кезекті «Баланы мектепке дайындайық» акциясы «Зейін даму орталығы» қоғамдық қорында өткізілді. Аталған іс-шараға Алматы қалалық мәслихатының депутаты, «AMANAT» фракциясы мүшесі, гимназия директоры Гүлжан Бекенова қатысып, қоғамдық қор қатысушыларымен, көпбалалы ата-аналармен кездесті. Кездесуге келгендерді жаңа оқу жылымен құттықтап, жылы лебізін білдірген халық қалаулысы балаларға оқу құрал-жабдықтары салынған рюкзактар табыстады.

– Бүгінгі оқушы – ертеңгі ел азаматы. Баланың жан-жақты тәрбиесіне мұғалім ықпал етсе, оның қолдаушысы ата-ана. Сондықтан да ата-ана баласының жан-жақты білім алуына жағдай жасап, оқу үлгерімін үнемі бақылауда ұстағаны абзал, – деді Г.Бекенова.

Алатау ауданында жаңа оқу жылына дайындық осылай басталып жатыр. Бұған ата-аналар да балалар да қуанышты. Кездесу барысында ата-аналардың да білім беруге байланысты ұсыныстары тыңдалды. «Бұл – жаңа оқу жылы қарсаңында өткізілетін дәстүрлі акция, «Мектепке жол», «Бақытты отбасы» жобалары аясындағы іс-шара. Біз аудандағы аз қамтылған, көпбалалы отбасыларын барынша қамтуға тырысамыз. Ауданда осындай сауапты іс-шаралардан қалыс қалмайтын кәсіпкерлер, мекемелер бар. Аудандық партия филиалы аудан тұрғындары тұрмысынан алшақтамай, үнемі байланыста. Міне, жаңа оқу жылы да келді. Бүгін қолға алынған акция сөзсіз жалғасын табады, – дейді аудандық филиал төрайымы Ж.Алдамбергенова.



## Заңсыз нысан бұзылды

Қала құрылысын бақылау басқармасы Құрманғазы көшесі, 103 мекенжайындағы рұқсатсыз салынған нысанды бұзу туралы сот шешімінің орындалуын қадағалауда. Меншік иесіне әкімшілік шара қолданылып, заңбұзушылықты жою тапсырылған. Сот талапты қанағаттандырғаннан кейін, ғимарат иесі оны өз күшімен бұза бастады.

**Қ.ИМАНБЕКҚЫЗЫ.**

## Қозғалыс уақытша шектеледі



**1980 жылы салынған 130 метрлік жылу желілерін ауыстыруға байланысты 15 тамыз сағат 23.00–ден 18 тамыз, сағат 07.00–ге дейін Жамбыл көшесі (Исаев–Байғанин аралығы) жабылады. Шектеулер көрсетілген көше учаскесінің жүргін бөлігінің астымен өтетін магистральдық құбыр жолдарды жаңғырту бойынша жоспарлы жұмыстардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін енгізіледі. Жаңғырту жұмыстарын жүргізу мерзімінің ішінде тұтынушыларға ыстық су беру үзілмейді.**




«Алматы жылу жүйесі» ЖШС мамандарының хабарлауынша, осы жылу желісі 2 көппәтерлі тұрғын үйдің тұрғындары үшін жылу энергиясын беруді және ыстық сумен жабдықтауды қамтамасыз етеді. Жалпы алғанда, ағымдағы жылы қала бойынша 39 км жылу желілерін жаңғырту жоспарланған. Бұл тозу деңгейін 54% дейін азайтуға мүмкіндік береді.

Еске саламыз, қозғалыстарды шектеуге қатысты барлық ақпарат Almaty.kz сайтында, @AlmatyJoly Telegram-арнасында, аудандық әкімдіктер мен басқармалардың әлеуметтік желілерінде, сондай-ақ «2GIS» және «Яндекс карталар» сервистерінде орналастырылған.

**Әзірлеген Қ.ЖҰМАДІЛОВА.**

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# ТЕХНИКАЛЫҚ БІЛІМ –

## басты басымдықтардың бірі

**Алматының төрт колледжі жаңаша техникалық және кәсіптік білім беретін Құзыреттілік орталықтарының жұмысын таныстырды.**

Гүлжанат СЕМБАЕВА

Қазақстан Президентінің бастамасымен жарияланған Жұмысшы мамандықтар жылы аясында қала әкімдігі мен Білім басқармасының қолдауымен колледждер еңбек нарығында сұранысқа ие кәсіби мамандарды даярлау тәжірибесін ұсынды. Баспасөз турын Өңірлік коммуникациялар қызметі мен Білім басқармасы бірлесе ұйымдастырды.

Алматы көпсалалы колледжінің, Алматы энергетика және электрондық технологиялар колледжінің және Алматы құрылыс-техникалық колледжінің базасында WorldSkills чемпионатына дайындық бойынша жаттықтыру лагерьлері жұмыс істейді. Мұнда электромонтаж, өндірістік автоматика, автокөлікті техникалық қызмет көрсету, IT, сантехника және жылыту, құрғақ құрылыс, дәнекерлеу мен жиһаз өндірісін оқытады. Барлығы осы заманғы жабдықтарды пайдаланып, тәжірибелі тәлімгерлердің басшылығымен өтеді.



«Колледжді бітірген соң студенттердің 87%-дан астамы жұмысқа орналасады, қалғаны жоғары оқу орындарында білімдерін жалғастырады, әскерге кетеді немесе басқа жолды таңдайды. Дуалды оқыту аясында бізде студенттердің 100%-ы жұмысқа орналасқан. Біз студенттерді кәсіпорындардың сұранысы бойынша оқытамыз. Мысалы, жиһаз өндірісі бағытында студенттер бірінші курстан бастап өндіріс орнына бекітіліп, тәжірибеден өтеді, оқуды бітіргеннен кейін сол жерге жұмысқа орналасады», – дейді Алматы көпсалалы колледжінің директоры Асылхан Бейсетбаев.

Алматы құрылыс-техникалық колледжінің бөлім меңгерушісі Бауыржан Мұхамеджанов студенттерді халықаралық деңгейде қалай даярлап жатқандарын тілге тиек етті. «Польша мен Францияда өткен жарысқа барып қайттық жақында. Онда біздің студент жүлделі орын алып, «Үздік маман» медальонын иеленді. Бұл – елімізде бұрын-соңды болмаған үлкен жетістік. Біздің мамандар өздерінің халықаралық деңгейге сай екенін көрсетті», – деді Бауыржан Мұхамеджанов.

БАСПАНА

# ТҰРҒЫН ҮЙ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ:

## Сарапшылар заңнамаға енгізілген өзгерістерді талқылады



**Алматыдағы Әлеуметтік қызметтер үйінде көппәтерлі және көпқабатты тұрғын үйлерді басқару жүйесіндегі өзгерістерге арналған кеңейтілген жиын өтті. Оған Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясының өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, коммуналдық қызмет ұйымдарының басшылары, МИБ пен ПИК төрағалары қатысты.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Жиында Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылым және тұрғын үй инспекциясы басқармасының өкілі Жандос Қайырханов жуырда Мемлекет басшысы қол қойған, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы заңнамаға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы баяндады. Оның айтуынша, қазіргі таңда КСК-лар типтік жарғыға сәйкес жұмыс істеуге міндетті. Бұл құжатты ҚР Индустрия және құрылыс министрлігі әзірлеп жатыр. Құжат бекітілген соң, таныстыру жұмыстары жүргізіледі.

– Қолданыстағы КСК-лар жыл ішінде Әділет департаментінде қайта тіркеуден өтуі тиіс. Паркинг иелерінің құқығы кеңейтілді – олар тарифтер бойынша дауыс беруге қатыса алады және жеке жиналыс өткізуге құқылы. Жиналыс өткізу бастамасын МИБ төрағасы, басқару субъектілері, үй кеңесі, тексеру комиссиясы, пәтер иелерінің 10%-ы немесе паркинг иелері, сондай-ақ тұрғын үй инспекциясы көтере алады. Жаңа заңда айыппұлдар көлемі өсті. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 320-бабының 4, 5, 6-тармақтарына сәйкес, есеп бермеу фактісі бойынша алдымен ескерту беріледі, қайталанса – 50 АЕК, тағы бұзылса – 100 АЕК айыппұл салынады. Айыппұлды тұрғын үйдің ағымдағы немесе жинақ шотынан төлеуге тыйым салынады, – деді Жандос Қайырханов.

«Тұран» үй-жай иелері кооперативі қауымдастығының төрайымы Бибігүл Жүнісбаеваның айтуынша, енгізілген өзгерістер қажетті әрі дер кезінде жасалды.

– Біз заңға өз ұсыныстарымызды бердік, олардың басым бөлігі қабылданды. Енді сертификаттау мен біліктілік талаптары бойынша жұмыс жүргізу маңызды. Алматыда сертификаттау орталығын ашу – біздің ұсыныстарымыздың бірі. Бұрын басқару түрлері көп еді, қазір бірыңғай стандартқа келтірілді, бұл жүйені ретке келтіреді, – деді ол.



Алматыдағы КСК қауымдастығының төрағасы Аркадий Рубцов та сертификаттау мәселесін көтерді.

– Сертификат тек жеке тұлғаға беріледі. Тұрғын үй инспекциясы мамандардың біліктілігін тексеруі тиіс, бірақ бұл жарты жылға дейін созылуы мүмкін. Сондықтан заңды бірден емес, кезең-кезеңімен енгізу қажет. Типтік жарғы да жуық арада дайын болады. Оқыту мен сертификаттау – екі бөлек процесс, оларды шатастыруға болмайды. Егер Алматыда бұл орталық ашылса, біз қуана қолдаймыз, – деді ол.

Алматы қаласы Қоғамдық кеңесінің тұрғын үй қатынастары комитетінің төрағасы Тамерлан Сұлтанғалиевтің айтуынша, заңдағы өзгерістер бүкіл қала тұрғындарына қатысты.

– Қоғамдық кеңес бұл мәселені бақылауға алды. Жаңа талаптарды түсіндіру жұмыстары барлық аудандарда жүргізіледі. Бұл – әлеуметтік шиеленісті болдырмау үшін маңызды қадам. Өзгерістер ЖКХ жүйесін ашық әрі түсінікті етуге ықпал етеді, — деп атап өтті ол.

«Bicon group» компаниясының басшысы Айдос Құдайберген заңдағы толықтыруларды құптайтынын жеткізді. «Бұрынғы заңнамада кейбір қызмет түрлері толық көрсетілмеген еді. Енді нақтылау мен толықтырулар енгізілді. Бұл, ең алдымен, тұрғындарға өз басқарушы компаниясын таңдап, тарифтерді реттеуге мүмкіндік береді. Бізде қала бойынша 300-ге жуық үй бар, оның ішінде әлеуметтік үйлер де қамтылған. Қазіргі 40 теңге көлеміндегі тариф көп жағдайда жеткіліксіз, сондықтан бұл мәселені де қарастыру маңызды», – деді ол.

Жиын барысында қатысушылар жаңа заңның артықшылықтарын, тариф саясатын жетілдіру, басқарушы компаниялардың жауапкершілігін арттыру және тұрғындардың шешім қабылдау процесіне қатысуын кеңейту мәселелерін талқылады. Ортақ пікір – өзгерістер тұрғындардың мүддесін қорғап, үйлерді басқару сапасын арттыруға бағытталған. Айта кетейік, түсіндіру жұмыстарына байланысты басқосу бұрнағы күні Алатау ауданы әкімдігінде де өтті.

БРИФИНГ




# АЛМАТЫ ЭКОЛОГИЯСЫ:

## алғашқы жарты жылда қандай жұмыстар атқарылды?

**Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында 2025 жылдың алғашқы алты айындағы Экология департаментінің жұмыс қорытындысына арналған баспасөз конференциясы өтті.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

БАҚ өкілдері қатысқан жиында департамент басшысының орынбасары Дінмұхамед Лесбеков қала экологиясын жақсарту бағытында жүргізілген іс-шараларды, кәсіпорындардағы бақылау мен экологиялық мәселелерге қатысты жол картасының қалай жүзеге асып жатқанын баяндап берді.

Спикердің айтуынша, департаментке экологиялық рұқсатнамалар алу үшін 103 өтініш түскен, оның 87-сі өңделген. Бірінші категориядағы нысандар, оның ішінде «АлЭС» акционерлік қоғамы мен ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар қоршаған ортаны қорғауға 543 миллион теңгеден аса қаржы жұмсаған. 1 ЖЭО-да көмірқышқыл газы мен азот оксидтерінен бөлінетін зиянды заттың көлемі азайып, басқа станциядағы шаң-газды тазарту қондырғылары жөндеуден өтіп, суды шығындау мен ластануды жағын да азайту көзделген.

Алты айда 49 тексеру жүргізіліп, оның 16-сы – жоспардан тыс орындалды. Нәтижесінде 28 әкімшілік құқықбұзушылық тіркеліп, 23 айыппұл салынған.

Сараптамалық бақылау бөлімінің зертханасы Алматының ауасы мен суындағы ластану деңгейінің артпағанын көрсетті. Өндірістік шығарындылар, ағынды сулар, топырақ сапасы мен автокөліктің тексерісі бойынша тұрақты мониторинг жалғасуда. 2024 жылғы осы уақытпен салыстырғанда заң бұзушылықтар, әсіресе, дизельді көліктер бойынша едәуір азайған.

**Қала экологиясын жақсартуға бағытталған жол картасы жеті бағытты қамтиды. Олар: ЖЭО–ның зиянды әсерін азайту, жасыл желектерді көбейту, қалдықтарды басқару және басқа да шаралар. Қазір 2024–2028 жылдарға арналған коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасы келісілуде. Департамент өкілдері жүйелі жұмыс, тұрақты зертханалық бақылау және табиғат пайдаланушылардың жауапкершілігін арттыру экологияны жақсартуға мүмкіндік беретінін атап өтті.**

ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

**Тіл – ұлттың жаны. Ол тек қарым-қатынас құралы ғана емес, тұтас бір халықтың дүниетанымы, мәдениеті, тарихы мен рухани болмысы. Ал адамның ойлау тілі – оның кім екенін айқындайтын басты көрсеткіштердің бірі. Бүгінде Қазақстанда жас ұрпақтың ойлау тілі туралы мәселе қоғамда жиі қозғала бастады. «Қазақ баласы қай тілде ойлайды?» деген сұрақ жәй ғана лингвистикалық тақырып емес, ұлттық қауіпсіздік пен рухани тәуелсіздікке қатысты маңызды мәселе.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

# ҚАЗАҚ БАЛАСЫ ҚАЙ ТІЛДЕ ОЙЛАЙДЫ?

### ҚАЛАЛЫҚ ОРТА ЖӘНЕ ТІЛДІК ТРАНСФОРМАЦИЯ

Соңғы онжылдықта урбанизация үдерісі қарқынды жүріп, қазақ халқының елеулі бөлігі ауылдан қалаға қоныс аударды. Бұл тек қоныс ауыстыру ғана емес, күнделікті өмірдегі тілдік ортаның түбегейлі өзгеруіне әкелді. Қалалық өмірдің қарқыны, жұмыс пен білім беру жүйесінің ерекшелігі, тұрмыстық қатынастардағы тілдік әдеттер – бәрі адамның тілдік таңдауына тікелей әсер етеді. Қалаларда қазақ тілінің қолданылу аясы соңғы жылдары біршама кеңейіп келеді дегенімізбен, ресми мекемелерде, жұмыс орнында, кейбір тұрмыстық жағдайларда орыс тілі әлі де басым. Бұл, әсіресе, мемлекеттік қызмет көрсету, денсаулық сақтау, бизнес салаларында айқын байқалады.

Мұндай жағдайда ата-аналар, әсіресе, жаңа ортаға бейімделуге тырысқан жас отбасылар, балаларының болашағын ескере отырып, оларды орыс тілінде білім беретін мектепке немесе аралас мектепке береді. Ата-аналардың бұл шешіміне «орыс тілін жақсы меңгерсе, кәсіби мүмкіндігі молаяды, әлемдік ақпаратқа жолы ашылады» деген сенім әсер етеді. Нәтижесінде үйде қазақша сөйлейтін отбасында өскен бала да біртіндеп орысша ойлауға көшеді. Тіпті, ата-аналары байқамай, баласының ішкі монологы, арманы орыс тілінде қалыптаса бастайды. Мұндай өзгерістер кейде көзге бірден түспейді.

Алғашында бұл жәй ғана қостілділіктің белгісі сияқты көрінуі мүмкін, бірақ ұзақ мерзімде ол баланың тілдік және мәдени болмысына ықпал етіп, ана тіліндегі ойлау қабілетін әлсіретуі ықтимал. Сондықтан урбанизация жағдайында қазақ тілінің күнделікті өмірдегі орны тек ресми құжаттарда ғана емес, баланың санасында да сақталуы – маңызды ұлттық міндет.

### ОЙЛАУ ТІЛІ ҚАЛАЙ ҚАЛЫПТАСАДЫ?

Ғалымдардың айтуынша, адамның ойлау тілі 5–7 жасқа дейінгі кезеңде бекіп қалады. Бұл – баланың тілдік ортасы қандай болса, сол тілде ойлай бастайтын уақыт. Егер бала күнделікті ойынды, мультфильмді, кітапты, достарымен әңгімесін орысша өткізсе, оның ойлау жүйесі де сол тілге икемделеді. Кейін қазақ тілі қаншалықты үйретілсе де, ол көбіне «екінші тіл» деңгейінде қалып қояды. Тіл тек сөздер жиынтығы емес – ол ұғымдар мен дүниетанымның жиынтығы. Қазақша ойлау үшін тек сөздік қоры мол болу жеткіліксіз, сонымен бірге сол тілдің логикасы, бейнелі ойлауы, мәдени кодтары санаға сіңуі керек.

### АРАЛАС МЕКТЕПТЕР ЖӘНЕ ТІЛ ТЕҢСІЗДІГІ

Қазақстанда аралас мектептер көп. Бұл білім беру мекемелерінде бір ғимаратта қазақ және орыс сыныптары бар, алайда ішкі коммуникация, мерекелер, ата-аналар жиналысы көбіне орыс тілінде өтеді. Мұндай жағдайда қазақ сыныбындағы балалардың өзі уақыт өте келе орысша сөйлеуге бейімделіп кетеді. Тіл мамандары аралас мектептерді «тіл теңсіздігін қалыптастыратын орта» деп санайды. Өйткені, мұнда орыс тілі «беделді», «ресми» тіл сияқты көрінеді де, қазақ тілі тұрмыстық, бейресми деңгейде қалып қояды.

Бүгінгі балалардың бос уақытының көп бөлігі интернетте өтеді. YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформалардағы контенттің басым бөлігі – орыс немесе ағылшын тілінде. Қазақша сапалы, қызықты балалар және жасөспірімдер контенті бар, бірақ әлі де аз. Мультфильм көру, ойын ойнау, блогерлерді тыңдау – бәрі баланың сөздік қорын ғана емес, ойлау жүйесін де қалыптастырады. Егер ол күн сайын орыс тіліндегі ақпаратты мыңдаған сөз, тіркес, мәдени реңкімен қабылдаса, ойлауы да соған бейімделеді.

### ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

- **Отбасындағы тіл саясаты:** баланың алғашқы ұстазы – ата-ана. Үйде тек қазақша сөйлеу, қазақша кітап оқу, мультфильм көру, ойын ойнау – ойлау тілін қалыптастырудың ең тиімді жолы.
- **Білім беру жүйесіндегі реформалар:** мектепке дейінгі мекемелерден бастап қазақ тілінің басымдығын қамтамасыз ету керек. Аралас мектептердегі тілдік теңсіздікті жою, қазақ сыныптарында пәндердің барлығын толық қазақ тілінде жүргізу маңызды.
- **Медиа және мәдени индустрия:** балалар мен жасөспірімдерге арналған қазақша сапалы контентті көбейту қажет. Мультфильм, анимация, комикс, компьютер ойындары, влогтар – барлығы тартымды, заманауи форматта жасалуы тиіс.
- **Қоғамдық кеңістік:** көшедегі жарнама, қызмет көрсету саласындағы қарым-қатынас қазақ тілінде болуы – тілдің күнделікті өмірде қолданылуын арттырады.

Егер қазір жас ұрпақтың ойлау тілі қазақша болмаса, болашақта ол тіл тұрмыстық деңгейде ғана өмір сүруі мүмкін. Бұл – жәй болжам емес, әлемнің көптеген елдері бастан өткерген шындық десек те болады. Қазақстанда қазақ тілінің ресми мәртебесі бар, бірақ бұл жеткіліксіз. Ең бастысы – оның әр отбасының, әр баланың жүрегінде, ойында өмір сүруі.



Аяжан СЕРІКҚЫЗЫ,
журналист.

## ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

**Мәдина УТЕШОВА,**
**тіл маманы:**

### РУХАНИ ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Соңғы жылдары «Қазақ баласы қай тілде ойлайды?» деген сауал жиі көтеріліп жүр. Бұл – жәй ғана лингвистикалық мәселе емес, ұлттың болашағына тікелей әсер ететін маңызды сұрақ. Өкінішке қарай, қалада өскен көптеген балалардың ойлау тілі – орыс тілі болып отыр. Бұл бір күнде пайда болған жағдай емес, оның тарихи, әлеуметтік және білім беру жүйесіндегі өзгерістерге байланысты терең себептері бар.

Тіл – тек қарым-қатынас құралы емес, ол – ұлттың дүниетанымы, ойлау жүйесі мен мәдениетінің айнасы. Егер бала өз ойын қазақ тілінде еркін жеткізе алмаса, біртіндеп ұлттық болмысынан алыстай бастайды. Мұндайда тілдік орта шешуші рөл атқарады. Ата-ананың үйде қазақ тілінде сөйлесуі, кітап оқу, ертегі айту, қазақша мультфильм мен бағдарламаларды таңдау – баланың ойлау жүйесін қалыптастыратын басты қадамдар. Сондай-ақ, мектептің оқу бағдарламасы, бұқаралық ақпарат құралдарының тілі, әлеуметтік желідегі контент те қазақ тіліне басымдық беруі керек. Тілді сақтау – жәй ғана мәдени құндылықты қорғау емес, ол – ұлттың болашағын сақтау. Бүгінгі таңда қазақ баласының қазақша ойлауы – рухани тәуелсіздіктің кепілі.

**Жібек ТАУБАЙ,**
**орыс тілі мұғалімі:**

### БАСҚА ТІЛДІ МЕҢГЕРУ АНА ТІЛІН ЫҒЫСТЫРМАУЫ КЕРЕК

Мен жиырма жылдан астам уақыт бойы орыс тілін оқытып келемін, бірақ тәжірибемде бір нәрсені анық байқадым. Бала қай тілде көп ойланса, сол тіл оның жеке тұлғалық қалыптасуында негізгі рөл атқарады. Тілді үйрену – тек сөз жаттау емес, ол сол тілдің логикасын, мәдениетін, ойлау жүйесін бойға сіңіру. Сондықтан егер бала өмірінің басым бөлігін орыс тілінде білім алып, ойын ойнап, мультфильм көріп, достарымен сөйлесуге жұмсаса, оның ойлау жүйесі де сол тілге бейімделеді. Әрине, орыс тілін меңгеру – ғылымға, халықаралық мәдениетке және кең ақпараттық алаңға жол ашады. Бұл да біздің балаларымыз үшін маңызды. Бірақ орыс тілін меңгеру ана тілін ығыстырмауы керек.

Өйткені, қазақ баласы өзінің тамырымен байланысын үзбеуі тиіс. Ол үшін қазақша ойлауға мүмкіндік беретін орта қажет. Бұл тек үйдегі ата-ана әңгімесімен шектелмеуі керек, сонымен бірге мектептегі оқу тілі, сыныптағы қарым-қатынас, тіпті баланың интернет кеңістігіндегі ақпараттың басым бөлігі қазақша болғаны жөн. Бүгінде балалардың бос уақытының басым бөлігі интернетте өтеді. YouTube, TikTok, Instagram сияқты платформаларда қазақша сапалы контенттің әлі аз екенін көріп отырмыз. Ал бала күнделікті мыңдаған сөз бен тіркесті орыс немесе ағылшын тілінде естіп, сол тілдердегі әзіл, мәдени реңк пен ойлау жүйесін бойына сіңірсе, ертеңгі күні ана тілін тек тұрмыстық деңгейде ғана қолдануы ықтимал.

Менің ойымша, екі тілді жетік меңгеру – артықшылық. Бірақ бұл үшін бір тіл міндетті түрде басым болуы керек, ол – ана тілі. Қазақша ойлайтын бала орысша да, ағылшынша да еркін меңгереді. Ал керісінше, өз тілін екінші орынға ысырып, басқа тілде ойлайтын бала ұлттық болмыстан алыстайды. Сондықтан ата-ана, мектеп, қоғам – бәрі бір мақсатта жұмыс істеуі керек. Ең алдымен баланың қазақша ойлауын қалыптастыру қажет.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

# АЛАЯҚТЫҚ ТЫЙЫЛМАЙ ТҰР

**Ресми деректерге сүйенсек, Қазақстанда ең кең тараған қылмыс түрі – алаяқтық. Одан кейін ұрлық, ал үшінші орынға есірткі қылмысы тіркеліпті. Қазақстандағы алаяқтықтың өршуі соңғы жылдары қоғамда үлкен алаңдаушылық тудырып отыр. Алаяқтықтың түрлері мен көлемі әртүрлі болғанымен, көп жағдайда олар адамдардың қаржылық жағдайын пайдалану арқылы жүзеге асады. Қазақстанда алаяқтықпен күресуге қатысты шаралар қабылданғанымен, бұл қылмыс түрінің өршуі басылмай тұр.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

## СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

2025 жылы қаңтарда Қазақстанда «алаяқтық» бабы бойынша 4,3 мың қылмыстық құқықбұзушылық тіркелді. Бұл былтырғы қаңтар айындағы көрсеткішпен салыстырғанда, 0,1%-ға көп. Соның ішінде интернет арқылы жасалған алаяқтық қылмыстар – 48,9%-ға жеткен.

Қаңтарда алаяқтық салдарынан мемлекетке 11,1 млрд. теңгеге материалдық шығын келтірген. Бұл 2024 жылғы көрсеткіштен екі есе көп (былтыр шығын көлемі 5 млрд. теңге болған). Жеке тұлғаларға келген зиян үш есе өсіп, 9,3 млрд. теңгеге жетті. Мемлекетке келген шығын 22,4%-ға артып, 936,8 млн. теңге болды. Ал заңды тұлғаларға келген шығын керісінше 22,9%-ға азайып, 811,2 млн. теңгеге төмендеді.

Алматы облысында жыл басынан бері 550 интернет-алаяқтық фактісі тіркеліп, 131 қылмыстық іс аяқталған, оның 114-і сотқа жолданды. Ең көп тараған алаяқтық түрлері – банк қызметкері ретінде алдау, онлайн сауда мен инвестициялық жалған ұсыныстар, сондай-ақ әлеуметтік көмек пен несие сылтаулары.

## КЕҢ ТАРАЛҒАН ТҮРЛЕРІ

**Интернет–алаяқтық:** соңғы бірнеше жылда Қазақстандағы қылмыстардың 30–40%-ы осы онлайн-алаяқтықтың үлесінде. Бұл алаяқтар көбінесе фишинг, жалған сайттар арқылы адамдардың жеке деректерін алдап алып, қаржылық зиян келтіреді. Көптеген алаяқтар жымысқы әрекеттерін іске асыру үшін фишингті, әлеуметтік инженерияны, криптовалютаны, интернет-сауданы пайдаланады. Интернет-алаяқтықтың бірнеше түрі бар:

– Банктік алаяқтық – жалған қоңырау арқылы азаматтарды қорқытып, жеке деректерін алу;

– Онлайн-саудадағы алаяқтық – жалған парақшалар арқылы алдын ала төлем сұрау;

– Жалған инвестициялар – фейк жарнамалармен алдау;

– Дипфейк технологиясы арқылы алдау – «туыс» немесе «басшы» атынан ақша сұрау;

– Фишинг – жалған сілтемелер арқылы логин, құпия сөз ұрлау.

**Пирамидалық схемалар мен инвестициялық алаяқтық:** Қазақстанда мұндай типтегі алаяқтықтар 2020-2021 жылдары артып, көп адамды алдап, үлкен қаржылық шығындарға ұшыратты. Әсіресе, қаржы пирамидасы түріндегі алаяқтықтар, сондай-ақ криптовалюта алаяқтықтары өте кең таралған.

**Қаржы алаяқтығы:** Әртүрлі инвестициялық схемалар мен «бытыраңқы схемалар» – алаяқтар үшін оңтайлы мүмкіндік. Криптовалютаға инвестициялау немесе пайданы жоғарылату ұсыныстарымен адамдардың алдануы мүмкін. 2021 жылы 7000-нан астам адам қаржы алаяқтарының құрбаны болды. Олардың көбі жалған несиелер, инвестициялық алаяқтықтар мен жалған қаржы кеңесшілерінің арбауына түсті.

**Жылжымайтын мүлік алаяқтығы:** Алматыдағы жылжымайтын мүлік нарығы белсенді болғандықтан, бұл саладағы алаяқтықтар да жоғары деңгейде болады. Өйткені, адамдар әлі де жалған келісімшарттар, арзан бағалармен ұйғарым жасаған алаяқтарға тап болуы мүмкін.

## КҮРЕС ШАРАЛАРЫ МЕН ҚИЫНДЫҚТАР

Елімізде қаншама адам алаяқтардың арбауына түсіп, қаржылық күйзелістерге ұшырап, сан соғып қалды. Қазақстанның құқық қорғау органдары алаяқтықпен күресу үшін бірнеше шараларды қабылдағанымен, бұл мәселе әлі де өзекті:

*1. Құқықтық өзгерістер мен заңдар.* Алаяқтыққа қарсы күресетін жаңа заңдар мен ережелер енгізілді, алайда ол алаяқтықтың күрделілігіне сәйкес айтарлықтай нәтиже беріп жатқан жоқ.

*2. Цифрлық қылмыстармен күрес.* Интернет-алаяқтықтың өсуіне байланысты арнайы бөлімдер құрыла бастады. Дегенмен, бұл бағытта жұмыс әлі толыққанды әрі жүйелі түрде жүргізілмей жатыр.

*3. Азаматтарды ақпараттандыру.* Қоғамды алаяқтықтың түрлі түрлерінен сақтандыру мақсатында ақпараттық жұмыстар жүргізіліп жатыр. Өкінішке қарай, көптеген адамдардың қайтадан алаяқтардың құрбаны болып жатқанының себебі тек ақпараттың жеткіліксіздігі ғана емес, адамның психологиясы, әлеуметтік жағдайы, қаржылық сауаттылықтың төмендігі, және бұған технологиялардың үнемі дамып жатқандығы да себеп.

**Алматыда алаяқтықтың алдын алу аясында биыл 15 ақпараттық акция өткізіліп, 25 000 парақша таратылды, 11 билборд пен LED–экран орнатылды. 120 мектеп, 3 колледж және университетте кибергигиена бойынша сабақтар жүргізілді, 10 мақала, әлеуметтік желілерде 30–дан астам бейнеролик пен үндеу жарияланды. Дегенмен, алаяқтықтың алуан түрі мен әдістері күн санап өсіп жатқандықтан, құқық қорғау органдарының жұмысына шұғыл түрде жаңа технологиялар мен шаралар енгізу керек.**

**Әсіресе, цифрлық форматтағы қылмыстарға қарсы бөлімдер мен интернет алаяқтармен күрес жұмыстарының қарқынының әлсіз екені байқалады. Алаяқтық қылмыстарының өсуі қоғамдағы қаржылық сенімділік пен қауіпсіздікті төмендетті.**



**Дана САДЫРҚАН.**

*ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ*

**Кәкен ҚАМЗИН,**
**журналист, профессор, алаяқтық құрбаны:**

## АРБАУҒА ТҮСІП ҚАЛҒАН ЖАЛҒЫЗ МЕН ЕМЕС

12 маусым күні, сағат таңертеңгі ондар шамасында «қалалықэнергожүйесінен» бір әйел қоңырау шалды. Айтуына қарағанда, біздің үйдегі электр есептегіштер ескіріпті, соны жедел ауыстыру керек. Сондықтан жеке куәліктегі көрсеткіштерімді сұрады, телефонында қалалық энергосеть логотипі тұрды. Сендім. Түнімен жазу жазып, ұйқылы-ояу басым еш ойланбай деректерімді беріп жіберіппін. Іле-шала өзін «қаржы бақылау департаментінің» қызметкерімін деп таныстырған адам телефон шалды. «Сіздің eGov-тағы барлық мәліметтеріңіз алаяқтардың қолына түсіп қалды. Неге бересіз, енді оларды іздестірумен, құрықтаумен біз айналысамыз. Бірақ бұл операция өте құпия жағдайда жүргізіледі, сіз ол туралы жақын-жұрағаттарыңызға да тіс жармайсыз», – деп қадап айтты.

Одан кейін өз кабинетінен өзін «ҰҚК майорымын» деп таныстырған Мальтиев деген адам видеотелефон шалып, барлығын өзі бақылауында ұстайтынын ескертті. Тағы «бәрі конфиденциально, сіз азамат ретінде алаяқтарды ұстауға көмектесуге міндеттісіз, әйтпесе қылмыстық кодекс бойынша жазаға тартыласыз» дегенді қатты ескертті. Бәрі, міне, осыдан басталды. Содан кейін олар мынау сізге көмектесер «мықты адвокат» деп Абай деген жігітті ұсынды. Осы үшеуміз іс жүргіземіз деді. Үшеуі үш түрлі нөмірмен байланысқа шығып отырды.

Сол күні ғой деймін, айқын есімде жоқ, «сіздің атыңыздан біреулер төрт миллион теңге кредит алып үлгеріпті, соны жабу керек, ақшаңыз ешқайда кетпейді, «Ұлттық банктің» есебінде тұрады. «Касса 24» деген терминалға салыңыз», – деді. Олар көрсеткен мекенжайларға барып, бірнеше терминалдан жіберіп отырыппын. Артынша, олар «Ұлттық банкке» салынған ақшаның көшірмесін жіберді. Одан кейін жетеқабыл, ертеңінде ғой деймін, сіздің есебіңіздегі ақшаға қауіп төніп тұр, соны

«Халық банктен» шешіп алыңыз, біз курьер жібереміз, ол да «Ұлттық банктің» есебіне түседі, ақшаңыз ешқайда кетпейді деп сендірді. Сонан соң қорымдағы бес миллион теңгені шешіп алып курьерге беріппін. Курьермен кездесу сағат төрттер мөлшерінде Әуезов көшесі мен Абай даңғылындағы «Халық банктің» алдында өтті. Курьердің суретін түсіріп алдым, ар жағымда бір күдік жылт етті ме, кім білсін. Бірақ кешкі сегіздер мөлшерінде (қателесуім де мүмкін) ақшаның «Ұлттық банк» есебіне түскені туралы мәлімет келді. Имандай сендім.

Содан кейін сіздің eGov-тағы барлық деректеріңізді жаңалау керек, сондықтан үйіңізді нотариус арқылы нарықтық бағадан төмен қаржыға сатыңыз, үй де, ақша да ешқайда кетпейді, «Ұлттық банк» есебіне түседі деді. Бұның бәрі деректеріңізді жаңалау үшін істеліп отырған міндетті шара деді. Бір жағынан сендім, сендірді ме, қазір айқын есімде жоқ. Қазір қарасам, мені жарты айдан астам уақыт бойы «жетелеп» жүріпті. Шындығын қазір ес жиғанда түсініп отырмын, ол кезде бәрін өз еркіммен істедім деп айта алмас едім. Сөйтіп, үйімді 26 маусымда 31 миллион теңгеге нотариус арқылы саттым. Олар менің атымнан «Крыша» сайтына үйдің сатылып жатқаны туралы хабарландыру салады. Одан кейін екі кибералаяқтың нұсқауы бойынша ақшаны кешкісін сағат сегіздерде курьермен «КНБ-ның точкасына» жөнелттім. Олар бір-екі сағаттан кейін ақшаның «Ұлттық банктің» есебіне түскенін хабарлап, чектің көшірмесін жіберді. «Барлығы дұрыс болады, сіздің eGov-тағы деректеріңіз толық жаңаланып жатыр, енді алаяқтар оған кіре алмайды, онымен Абай адвокат айналысып жатыр», – деді.

Пәтер сатып алушылармен өзіміз айналысамыз, қам жемеңіз, өзіміз айтамыз деп уақыт созып, жазуын тоқтатпады. Ал мені үйді сатып алған отбасы «пәтерді қашан босатасыз?» деп, алқымымнан қысты. Алданғанымды тек 4 шілдеде ғана білдім. Оны алаяқтардың өздері сатып алушылар үйіме полициямен келген кезде былай деп хабарлады: «Вы попались на уловку мошенников. Вы не один такой. Вы уже были в базе. Не я, это сделал бы кто-то другой. Самое главное, не переживайте, подумайте о дочке и внучке. Работа у вас есть, а все остальное дело наживное». Есімнен танып қалдым. Ар жағы не болғаны нақты есімде жоқ. Шәкірттеріме хабарласып, мән-жайды айттым. Қыздарым ол кезде шетелде. Студенттерім үйге келіп, сатып алушыларды кіргізбей, оларға өздері қолма-қол 350 мың теңге жинап, бір айға пәтер жалдап берген. Полицияға арыз жазып, қылмыстық іс қозғалып, үй арестке қойылды.

Қазір «гипнозға» түсіп қалып, банк қосымшаларын жүктеп, пәленбай миллиондап кредит алып қойған талай адам туралы естіп те жатырмыз. Дәл менікіндей схема бойынша алданып қалған ҚР еңбегі сіңген архитектор туралы да оқыған боларсыздар. Алаяқтар арбауына түсіп қалған жалғыз мен емес. Мұндай жағдайлардың көбісі қоғам назарына ілікпей, жабулы қазан күйінде қалып жатыр. Зардап шегіп жатқан қарапайым халық. Мен бұл ақпаратты сіздерге, туған-туысқандарыңызға сабақ болсын деген оймен жариялап отырмын.

Екіншіден, үйімді сатып алған 4 баласы бар отбасы да кибералаяқтардың құрбаны болып отыр. Оларға 5 шілдеге дейін 33 миллион жинап береміз деп уағдаласқанбыз. Өкінішке қарай, ол уәдемізде тұра алмадық. Тиісті ақша жиналмады. Жиналған қаражат 9 529 836 теңгеге жетті. Күтпеген, жүректі елжіреткен сәт, қайырымды азамат (аты-жөнін айтпауды сұрады) жетпей тұрған үлкен соманы (23 млн.) қолма-қол әкеліп берді. Бұл тек қаржылай көмек емес, сенімнің, бірліктің, мейірімнің нағыз көрінісі. Енді сатып алушы отбасыға толық ақшасын табыстап, үйді өз атыма қайта рәсімдеуге кірісеміз.



«ХАЛЫҚ ҚАТЫСАТЫН БЮДЖЕТ»

# АЛМАТЫНЫҢ АУЛАЛАРЫ

## күннен-күнге ажарланып келеді

**Мегаполис тұрғындарының жайлы тұрмысы – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасының нәтижесі. Бүгінде алып шаһардың көшелері мен аулалары күннен-күнге ажарланып келеді. Тұрғындар таңертең есігін ашқанда, айналасындағы жасыл бақ, жарық шамдар мен заманауи ойын алаңдарын көріп, қуанады. Бұл жоба шаһар жұртшылығына өз ауласы мен көшесін көркейтуге тікелей атсалысуға мүмкіндік беріп, қала өміріне жаңа тыныс әкелді.**

**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

### АЛМАЛЫДАҒЫ ЖАҢА АЙМАҚТАР

Жақында біз Алмалы ауданындағы екі ауланы араладық. Бұрын асфальты тозған, жарығы әлсіз, балалар ойнайтын алаңы жоқ бұл аумақтар бүгінде мүлде өзгерген. Жаңа төселген жолдар, түрлі-түсті ойын алаңдары, демалуға арналған орындықтар мен гүлзарлар – бәрі тұрғындар ұсынысымен жасалған.

Мәселен, Шевченко, 157 мекенжайындағы аула бұрын жүріп-тұруға ыңғайсыз, жарық шамдары ескірген еді, енді бұл аймақ бүгінде балалардың улап-шулаған ойын алаңына айналған.



Алмалы ауданы әкімдігінің абаттандыру бөлімінің бас маманы Керимхан Абдраманның айтуынша, тұрғындар порталға өтініш беріп, дауыс жинағаннан кейін аулада бірқатар жұмыстар атқарылған: балалардың жас ерекшелігіне сай ойын алаңдары орнатылып, асфальт жаңартылған. Кіреберістерге жарық қойылып, тіпті киім кептіруге арналған орын да бөлініпті.

– Бұл ұсынысты алғаш болып қала тұрғыны Сабыр Нәбиев жолдады. Ол анасымен аула ішінде жүру қиындағанын айтып, өз ұсынысын білдірді. Оған қоса, басқа да тұрғындар тарапынан бірқатар идеялар түсті. Кейін жоба budget.open-almaty.kz порталында талқыланып, дауыс беру кезеңінен өтіп, комиссия тарапынан мақұлданды. Содан соң аула түбегейлі жаңарып, әртүрлі жастағы балаларға арналған заманауи ойын алаңдары орнатылды. Асфальт жаңадан төселіп, кір жайғыш орын бөлінді, жарық шамдар қойылды. Қазір мұнда кеш батқанша күлкісі мен шаттық үні үзілмейтін балалар ойнап жүреді. Әсіресе, кішкентайлар үшін ең қызықты нысан – ерекше ойластырылған кедергілер жолағы, – дейді Керимхан Абдраман.

Оның айтуынша, Алмалы ауданында «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысу үшін барлығы 755 өтінім мен ұсыныс түскен. Оның ішінде 426 жоба дауыс беруге ұсынылып, 45-і іріктеліп, іске асырылды. Солардың қатарында бүгін көрінісін жаңартқан осы аула да бар. Мердігер ұйым жоба бастамашысымен арнайы хабарласып: «Аулаңызда нені көргіңіз келеді?», – деп сұрады. Барлық ой-пікір нақтыланып, келісілгеннен кейін ауқымды абаттандыру жұмыстары жүргізілді. Бүгінде оның жемісін көршілес үйлердің тұрғындары күн сайын тамсана тамашалап отыр.



### АУЛАМЫЗ АДАМ ТАНЫМАСТАЙ ӨЗГЕРДІ

Бұрын аулада жүру аса ыңғайлы бола бермейтін. Ал қазір көз алдымызда жаңарған балалар алаңдары, жаңартылған қоқыс жәшіктері, жайлы орындықтар тұр. Кешкісін алаңда балалар ойнап, жасөспірім қыздар би билейді. Билікке өз ұсынысыңды тікелей жеткізуге болатынын білгенде, тұрғындардың барлық тілегін ескеруге тырыстым. Кейін көршілер де атсалысты. Бар-жоғы екі айдың ішінде ауламыз адам танымастай өзгерді.

Қонаққа келіп, немерелеріне қызыға қарап демалып отырған Сыпайы Жолсейітова апай да қуанышын жасыра алмай әңгімеге араласты: – Мына үйде қызым тұрады. Анда-санда осылай қыдырып келіп тұрамын. Бұрын немерелер басқа көшелерге ойнауға кетіп қалып, арттарынан іздеп жүретінбіз. Енді, міне, өз ауласынан шықпайды. Кешке үлкендер осы жерде жиналып, әңгіме-дүкен құрып отырады. Қандай тамаша! Шынымен, қала көркейсе – көңіл де көтеріледі екен, – дейді ол.



Осы үйдің тұрғыны Сальви Асманова да жаңа аулаға дән риза: – Біз бұл жерде күн сайын уақыт өткіземіз. Ұлыма барлық әткеншектер ұнайды, әсіресе, ептілік пен шапшаңдықты дамытатын, мысалы, кедергілер жолағы ерекше қызықтырады. Ұл балалар алаңда асыр салып ойнайды. Мұндағы барлық тұрғындар ауласының өзгергеніне қуанып жүр. Ересектерге жетіспей жүрген орындықтар да орнатылды. Ата-аналарға да өте ыңғайлы – енді серуендеу үшін арнайы орын іздеп әуре болмайсың, бәрі үйіңнің қасында, – дейді ол.



### АЛЛЕЯ ТОЛЫҚ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Бағдарлама аясында өзгерген келесі орын – Қарасай батыр көшесіндегі, Абылай хан мен Наурызбай батыр көшелерін жалғайтын шағын сквер. Бұрын қараусыз жатқан орын қазір жасыл желекке бөленген. Газондар, автоматты суару жүйесі, брусчатка төселіп, жаңа шамдар мен орындықтар орнатылған. Абаттандыру бөлімінің бас маманы Керимхан Абдраман мұнда да тұрғындардың ұсынысы ескерілгенін айтады.

– Аллея толық жаңартылды: газон төселді, автоматты суару жүйесі орнатылды, брусчатка салынды, жарық шамдары ауыстырылды, демалуға арналған орындықтар қойылды, – дейді ол.

– Біз осы маңда талай жылдан бері жұмыс істейміз, – дейді қасымыздан өткен екі қыздың бірі жылы жымиып. Бұрын – бұл жерден тез өтіп кететінбіз, ал қазір тоқтап, айналаға сүйсіне қараймыз. Жөндеуден кейін аллея адамды өзіне баурап тұратын көркем орынға айналды. Кейде тіпті, мұнда жүргенде уақыттың қалай өткенін байқамай да қаламыз: жолымыз қысқарып, көңіліміз жайланады. Орындыққа отырып, күннің шуағына қыздырынып, жапырақ сыбдырын тыңдап, достармен әңгіме-дүкен құруға да сондай жайлы. Керемет! – дейді қыздар.

Бағдарлама ерекшелігі – тұрғындар өз ұсынысын тікелей беріп, оның орындалуын бақылай алады. Міне, бүгінде сол ұсыныстың нәтижесінде әр ауданның аумағында жүздеген аулалар жаңарды. Бұл – билік пен халық арасындағы тиімді ынтымақтастықтың айқын көрінісі екені сөзсіз.

Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ, Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

### ТҮЙІН:

**Алдағы нөмірлерімізде қала аудандарындағы жаңарған аулалар жайлы тұрғындар пікірі мен атқарылған жұмыстарды тұрақты түрде жариялайтын боламыз. Өйткені, көркейген әр аула – Алматының ажары мен тұрғындардың өмір сапасының айғағы. Қаламызды бірге көркейтейік!**

ӨЗГЕЛЕРДІҢ ӨНЕГЕСІ

# СЕУЛ ТӘЖІРИБЕСІ:

## Қоғамдық көлік қозғалысын тиімді ұйымдастыру – маңызды басымдық

**Сеул – Оңтүстік Корея астанасы. 10 миллионнан астам халқы бар мегаполис. Мұндай ауқымды қалада көлік қозғалысын тиімді ұйымдастыру – күнделікті өмірдің басты шарты. Бұл бағытта Сеул әлемдегі ең дамыған қоғамдық көлік жүйесін қалыптастыра алған. Бүгінде ол метро, автобус, велосипед, экологиялық көлік, ақпараттық технология және қауіпсіздік саласында үлгі ретінде көрсетіледі. Алматы үшін де бұл тәжірибе аса құнды.**

Ернұр
РЫСБАЙ






Суретті түсірген автор.

Сеул метросы 1974 жылдан бері жұмыс істейді. Қазір 23 бағыты бар, 700 шақырымнан астам желіде күн сайын 8 миллионға жуық жолаушы сапар шегеді. Пойыздар 2–4 минут сайын келеді, әр станцияда корей, ағылшын, жапон және қытай тілдерінде ақпарат беріледі. Вагондарда кондиционер, Wi-Fi, USB-розетка, ал платформаларда қауіпсіздік әйнектері орнатылған. Бір бағыттың бастапқы тарифі – 1250 вон (450 теңге). Жүйе T-money картасы арқылы басқарылады, ол метроға ғана емес, автобус, такси, тіпті дүкендер мен автоматтарға төлем жасауға жарайды.

Алматы метросы 2011 жылы ашылды. Қазір 13,4 шақырымдық бір бағытта 11 станция жұмыс істейді. Пойыз аралығы 8–10 минут, жолаушылар саны күніне 45–50 мың адам шамасында. Бұл – Сеулмен салыстырғанда бірнеше есе аз. Алматы үшін ең үлкен қадам – желіні қала шетіне дейін кеңейту, пойыздардың келу аралығын қысқарту және ақпаратты көптілді ету.

Сеулдің автобус жүйесі де мінсіз ұйымдастырылған. Маршруттар төрт түске бөлінеді: көк – негізгі магистраль бағыттар, жасыл – метро станцияларын байланыстыратын желілер, сары – аудан ішіндегі айналма бағыттар, қызыл – қала маңына қатынайтын экспресс автобустар. Барлық төлем T-money картасы арқылы жүзеге асады, бір сапар аясында көлік ауыстырған кезде қосымша төлем азаяды. Автобустар уақыты GPS арқылы бақыланып, аялдамадағы электронды таблоларда нақты келу уақыты көрсетіледі.

Алматыда 140-тан астам автобус бағыты бар. Электронды төлем Onay картасы арқылы жасалады, бірақ көлік түрлері арасында тарифтік интеграция толық емес, яғни метро мен автобустан ауысқанда жеңілдік берілмейді. Сондай-ақ, бағыттарды түсіне қарай бөлу тәжірибесі жоқ. Бұл – жолаушыға бағыт табуды қиындатады. Сеул тәжірибесінен үйренеріміз – бағыттарды түсіне қарай жүйелеу, тарифті біріктіру және қоғамдық көліктің кестесін қатаң сақтау.

Сеул экологияға да ерекше мән береді. Қалада электр және сутекті автобустардың үлесі жыл сайын артып келеді. 2030 жылға қарай дизель отынын пайдаланатын автобустарды толық жою жоспарда бар. Бұған қоса, Seoul Bike Ddareungi атты қалалық велосипед жалдау жүйесі кеңінен қолданылады. 24 сағат жұмыс істейтін бұл қызметті мобильді қосымша арқылы пайдаланып, велосипедті қаладағы кез келген станцияға тапсыруға болады.

Алматыда «Almaty Bike» жүйесі бар. Бірақ ол маусымдық және станция саны шектеулі. Электр автобустар аз, сутекті көлік мүлде жоқ. Сеулдің үлгісі – жыл бойы жұмыс істейтін велосипед жүйесін дамыту, экологиялық көлікті көбейту және жеке көліктен қоғамдық көлікке көшу мәдениетін қалыптастыру.

Ақпараттық технология – Сеулдің басты артықшылықтарының бірі. Naver Map, Kakao Map сияқты қосымшалар автобустың нақты қай жерде екенін, метро пойызының келу уақытын көрсетеді. Жолаушы сапар алдында маршрутты жоспарлап, уақытын үнемдейді. Деректер онлайн жаңарып отырады.

Алматыда да «2GIS» және «CityBus» сияқты сервистер бар, бірақ кейде деректер дәлдігі төмен, ал кейбір бағыттарда мүлде көрсетілмейді. Шешім – бірыңғай ресми қосымша жасап, барлық көлік түрін біріктіру.

**• Тазалық – Сеулдің қоғамдық көлігінің айрықша қыры. Станциялар мен вагондар күнделікті тазаланады, барлық жерде бейнебақылау орнатылған. Қоғамдық тәртіпке қатаң бақылау жүргізіледі. Алматыда да бұл бағытта жұмыстар бар, бірақ автобустардың салоны мен аялдамаларда тазалық деңгейін арттыру қажет.**

**• Алматыға қолдануға болатын әдістерге тоқталып өтейік. Біртұтас төлем жүйесі – метро, автобус, велосипед, такси бәрі бір картамен төленуі тиіс. Бағыттарды түсіне қарай бөлу – жолаушыға бағыт табуды жеңілдетеді. Тарифтік интеграция – көлікті ауыстырғанда қосымша төлемді азайту. Жоғары жиілік – көліктің келу уақытын қысқарту.**

**• Экологиялық көлікке көшу – электр, сутекті автобустарды көбейту. Цифрландыру – барлық көлік түрін қамтитын ресми қосымша. Тазалық пен мәдениет – күнделікті санитарлық тазалау және тәртіпке бақылау.**

Сеулдің қоғамдық көлігі – мегаполис өмірін үйлестіретін күрделі механизм. Онда жылдамдық, қауіпсіздік, қолжетімділік және экология үйлесім тапқан. Алматының да осы бағытта дамуға әлеуеті жеткілікті. Қала халқының саны өсіп келеді, көлік жүктемесі артып жатыр. Егер біз Сеулдің озық тәжірибесін бейімдеп, инфрақұрылымды жаңартсақ, қала тұрғындары мен қонақтары үшін қауіпсіз, заманауи және ыңғайлы көлік жүйесін құра аламыз.

**• Қоғамдық көлікті дамыту – тек инфрақұрылым салу ғана емес, ол – қала мәдениетін қалыптастыру. Сеул үлгісі көрсеткендей, жолаушыға қолайлы жағдай жасалса, адамдар жеке көлікті аз пайдаланады, ал бұл экологияға да, қаладағы қозғалысқа да оң әсер етеді. Алматы үшін бұл – болашақтың емес, бүгіннің міндеті.**

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Іңкәр ЕРТАЙ,
саяхатшы:

### ҚАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ БІР БӨЛІГІ

Сеул – мен көрген қалалардың ішінде ерекше әсер қалдырған шаһардың бірі. Ең алдымен, көлік жүйесінің дамығандығы көзге түседі. Қаланың кез келген нүктесіне метро немесе автобус арқылы жетуге болады, әрі бұл өте ыңғайлы. Метро вагондары кең, жарық, таза, жолаушыларға арналған орындықтар мен тұтқалар ыңғайлы орналасқан. Ақпараттық тақталар мен хабарландырулар бірнеше тілде беріледі, бұл туристер үшін үлкен көмек. Аялдамалары да көңілден шығады. Қыста орындықтарында жылыту жүйесі қосылып тұрады, ал жазда салқындатқыштар жұмыс істейді. Бұл – жолаушылардың ауа райына қарамастан қоғамдық көлікті жайлы жағдайда күтуіне мүмкіндік береді. Кейбір аялдамалар толықтай жабық, есіктері автоматты түрде ашылады, бұл жаңбыр мен боран кезінде өте қолайлы. Төлем жүйесі де тиімді. Бір ғана T-money картасымен метроға да, автобусқа да, қала маңындағы көліктерге де отыруға болады. Тіпті, басқа қалаларға барғанда да осы картаны қолдана бересіз. Қала ішінде банк картасымен төлем жасау мүмкіндігі де бар, бұл қосымша ыңғайлылық береді.

***Мені ерекше таңқалдырған жайт – жолаушылар мәдениеті. Метро пойызына кіргенде адамдар алдыңғы есіктен кіреді де, артқы есіктен шығады. Осылайша бір-біріне кедергі келтірмей, қозғалысты ретімен жүргізеді. Автобусқа мінгенде де алдымен шығатын адамдарға жол береді, содан кейін ғана кіреді. Бұл қарапайым көрінгенімен, бүкіл жүйенің тиімді жұмыс істеуіне ықпал етеді.***

Жалпы, Сеулде қоғамдық көлік – тек қатынау құралы ғана емес, қала мәдениетінің бір бөлігі. Әр бөлшегі ойластырылған: уақыт кестесінің дәлдігі, тазалық, жолаушыларға құрмет – бәрі бірігіп, керемет әсер қалдырады. Алматыда да осындай деңгейге жетуге болатынына сенемін, бастысы – жүйелі жұмыс пен мәдениетті қалыптастыру.

ДАМУ ДИНАМИКАСЫ

# АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

## серпінді дамып келе жатқан өңірлік құрылым

**Бүгінгі таңда Қазақстанда урбанизация үдерісі – ел дамуындағы басты стратегиялық бағыттардың бірі. Елдегі ірі қалалардың төңірегінде қалыптасып жатқан агломерациялар халық тығыз орналасқан, экономикалық және әлеуметтік тұрғыда маңызды орталықтар болып саналады.**

**Солардың ішінде Алматы агломерациясы – ең ірі әрі серпінді дамып келе жатқан өңірлік құрылым. Ол тек оңтүстіктегі мегаполистің ғана емес, оған іргелес орналасқан елдімекендердің, қала маңындағы аудандардың да даму әлеуетін арттыруда.**

Дана САДЫРҚАН



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

### Халық саны және құрылымы

Агломерация – бұл ірі қаланың айналасындағы елдімекендердің, аудандардың бір-бірімен тығыз әлеуметтік-экономикалық байланыста дамуы. Алматы агломерациясына Алматы қаласынан бөлек, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандары, Қапшағай, Қаскелең, Талғар қалалары мен бірқатар ауылдық аймақтар кіреді.

2023 жылы 1 қаңтарда агломерация тұрғындарының жалпы саны 3,36 – 3,6 млн. адамға жетті. Оның ішінде Алматы қаласының өзінде шамамен, 2,16 – 2,34 млн. адам, қала маңындағы тұрғын саны (Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандары мен Қапшағай, Қаскелең, Қонаев) – шамамен, 1,2 миллионнан асқан. Ал 2025 жылға қарай агломерациядағы халық саны 3471 мыңға дейін өсуі болжанса, 2030 жылға жоспарланып отырған көрсеткіш – 4,5 млн. адам. 2050 жылға арналған шолу деректеріне сүйенсек, агломерация халқы 4,59 млн.-ға өсуі мүмкін. Бұл Қазақстан халқының 17-18%-дық көрсеткішін білдіреді.

### Қала маңы аумақтарының даму бағыттары

1. Экономикалық әлеует. Алматы қаласы – еліміздің ірі экономикалық орталығы, сондықтан оған жақын орналасқан аймақтар да экономикалық серіктес ретінде дамуға бейім. Қала маңындағы елдімекендерде:

– Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып келеді (сүт өнімдері, көкөніс, жеміс-жидек, жылыжайлар);

– Шағын және орта бизнес белсенді дамуда – наубайханалар, құрылыс материалдары зауыттары, қаптама өндірісі;

– Қала нарығына жақын болғандықтан, көтерме сауда, логистика, қойма кешендері көптеп салынып жатыр.

– Алматы агломерациясын дамытудағы негізгі факторлардың бірі – көлік инфрақұрылымы: БАКАД (Алматы айналма жолы) жобасы 2023 жылы іске қосылып, қалаға келетін транзиттік көліктер ағынын азайтты;

– Қала маңындағы бағыттардағы жолдар (Қаскелең, Қапшағай, Талғар, Ұзынағаш) кеңейтіліп, күрделі жөндеуден өтіп жатыр;

– Жолаушылар үшін электр пойызы (Almaty Express) мен қоғамдық көліктің қала сыртындағы бағыттарға кеңеюі – қала мен аудан арасын байланыстырудың маңызды тетігі.

2. Тұрғын үй және құрылыс әлеуеті. Халықтың қала маңына көшуі урбанизация үдерісін жеделдетіп отыр. Бұл өз кезегінде жаңа тұрғын үй аудандарының пайда болуына ықпал етіп отыр.

– Қаскелең, Талғар, Өтеген батыр, Көктал елдімекендерінде көпқабатты үйлер мен жеке тұрғын үй құрылыс аудандары салынуда;

– Мемлекеттік бағдарламалар («Нұрлы жер», «Бақытты отбасы», «Шаңырақ») бойынша қолжетімді баспана саны көбейіп келеді;

– Инженерлік инфрақұрылым: су, газ, кәріз жүйесі мен жол құрылысы қарқынды жүргізілуде.

### Экономика және бизнес

Алматы агломерациясы еліміздің жалпы ішкі өнімі (ЖІӨ) бойынша көшбасшы болып саналады, өйткені оның үлесі 20%-дан асады. 2023 жылы Алматының жалпы ЖІӨ-і шамамен, 9 трлн. теңге болған. Бұл, әсіресе, сауда, қызмет көрсету, қаржы және өнеркәсіп секторларындағы жоғары белсенділіктен қалыптасқан көрсеткіш. 2023 жылы агломерация аумағында ауыл шаруашылығы саласының өнім көлемі 70 млрд. теңгеге жетті.

Атап айтқанда, ет сүт, жұмыртқа, мал басы да едәуір артқан. Мегаполис агломерациясының кіріс-шығыс балансы да оның қаржылық тұрғыда тұрақты, әрі даму ресурстары мол аймақ екенін көрсетеді. Кірістердің негізгі бөлігі салықтар мен ірі кәсіпорындардан түссе, шығыстар көбінесе инфрақұрылым мен әлеуметтік салаларды қамтиды. Мұндай құрылым қала мен оның маңындағы аудандардың жүйелі дамуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

### Жол құрылысы және көлік

Шаһарда және агломерацияда инфрақұрылымды дамыту – маңызды бағыттардың бірі. Жолдар, көлік жүйесі, жаңа метро желісін жетілдіру – қала үшін маңызды міндеттердің қатарында. Мәселен, бүгінде метро желісін кеңейту жобалары тұрақты түрде қолға алынып жатыр. Мақсат – қала тұрғындарының жайлылығы үшін көлік қатынасын жеңілдету. Биыл қала әкімдігі жеке автопарктермен бірігіп, 1400 газбен жүретін автобус пен 118 электробус сатып алуды жоспарлады. Бұл қала маңы мен таулы бағыттарды қоспағанда, қалаішілік қоғамдық көлікті толықтай экологияландыруға мүмкіндік береді. Алматының географиялық орналасуы да оның көлік және логистика орталығы ретінде дамуына ықпал етеді. Халықаралық көлік дәліздері (Қытайдан Еуропаға дейін) Алматы арқылы өтеді, сондай-ақ Қапшағай мен Алматы қаласы арасындағы транзиттік жүк тасымалының жоғары көлемі байқалады.

### Тау-кен өнеркәсібі

Бұл сала агломерация экономикасының 5–7% көлемін құрайды. Алматы облысы мен Қапшағай маңында металлургия мен өңдеуші өнеркәсіп салалары дамыған. Талғар ауданында «ҚазГранит» ЖШС, Іле ауданында «Алматы Құрылыс Материалдары», Алматы облысының шекарасында «KAZ Minerals Aktogay» сынды ірі кәсіпорындар орналасқан. Алматы агломерациясында мұнай-химия, құрылыс материалдары, азық-түлік өндірісі сияқты өнеркәсіптік салалар шоғырланған.

### Ауыл шаруашылығы

Алматы агломерациясындағы ауыл шаруашылығы – өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде және қала маңындағы ауылдық аудандардың экономикалық әлеуетін арттыруда маңызды рөл атқарады. Алматы облысы көкөніс, сүт және ет өнімдерін өндіруде ел бойынша жетекші орындардың қатарында. Бұл сала, әсіресе, Қарасай, Іле, Талғар, Еңбекшіқазақ, Жамбыл және Ұйғыр аудандарында жақсы дамыған.

### Тұрғын үй және құрылыс индустриясы

Мегаполис пен оның маңындағы аудандарда тұрғын үй құрылыс индустриясы өте белсенді. Көптеген жаңа тұрғын үйлер мен тұрғын үй кешендері салынып жатыр, бұл қала халқының өсуі мен жаңа инвестицияларды тартуға ықпал етеді. 2023-2024 ж.ж. статистика бойынша агломерациядағы пайдалануға берілген тұрғын үй көлемі 2,5–3 млн. шаршы метрді құраған. Ал тұрғын үй құрылысына бағытталған инвестициялар 2023 жылы 700 млрд. теңгеден асыпты. BI Group, Bazis-A, HighVill, Тұран, Орда Инжиниринг секілді компаниялар үшін Алматы – өте перспективалы аймақ. 2023 жылы Алматыда тұрғын үй салу үшін 32 млрд. теңге жұмсалған.

### Білім беру саласы

Шаһарда көптеген жоғары оқу орны, колледждер мен мектептер бар. Жалпы мектеп саны 850-ден асса, балабақшалар 1200-ге жуықтаған. Алайда, Қарасай, Іле, Алатау аудандарында білім ошақтары мен мұғалім тапшылығы байқалады. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2025 жылы 300 мың орынды мектеп салу жоспарланған.

### Денсаулық сақтау

Алматы агломерациясында денсаулық сақтау саласы жақсы дамыған. Қаладағы ауруханалар мен клиникалар тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге бағытталған. Алматыда 40-тан астам мемлекеттік аурухана, 100-ге жуық емхана бар. Орталық қалалық клиникалық аурухана, Республикалық диагностикалық орталық, National Scientific Cardiac Surgery Center филиалы халықаралық деңгейге көтерілсе, Medcenter, Sema, Interteach, Euromed, EMC секілді жекеменшік мекемелердің кеңеюі жеке секторға айналып отыр. Қала маңындағы аудандарға келетін болсақ, Қарасай, Талғар, Іле, Еңбекшіқазақ аудандарында – 100-ге жуық алғашқы медициналық-санитарлық көмек ұйымдары шоғырланған, «Gate City», «Нұркент», Әлмерек жаңа аудандарында ауруханалар тапшылығы бар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ



**Мейірман ЕРЛАНҰЛЫ, әлеуметтанушы:**

### Алматыны үлкен агломерацияға айналдырған – жастар

Алматының агломерациялық дамуы мынадай екі факторға байланысты жүріп жатыр. Біріншіден, Алматыдағы агломерация мен урбанизация, кәсіптің дамуы, бизнес орталықтарының Алматыда орналасуы, ақша айналымының көп болуы адамдардың жұмысқа деген ынтасын арттырып отыр. Соған байланысты мегаполис маңайындағы аудандар мен ауылдарға халықтың көп шоғырлануын тікелей кәсіптің өркендеуімен де байланыстыра аламыз.

Екіншіден, Алматы үлкен агломерацияға айналдырып отырған – жастар. Өйткені, Қазақстандағы оқу орындарының басым бөлігінің мегаполисте болуы тікелей жастарды да Алматы қаласына тартып жатыр.

Алматы агломерациясындағы ШОБ үлесі – экономиканың маңызды бөлігі. Өйткені, қаланың экономикалық белсенділігінің 60%-дан астамы шағын және орта кәсіпорындардың үлесінде. 2023 жылы Алматыда ШОБ субъектілерінің саны 31,2 мың болған, ал олардың жылдық түсімі шамамен, 90 млрд. теңгеге жеткен.

ОТАНДЫҚ ӨНІМ

# ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӘРІ ҚҰНАРЛЫ

## Денсаулығына мән беретіндер мен сапаны таңдайтындар күркетауық етін тұтынады



**Дұрыс тамақтану – салауатты өмір салтын қалыптастырудың негізі. Қазір салауатты тамақтануға сұраныс артып отырған тұста мамандар мектеп оқушыларының ас мәзірін қайта қарау қажеттігін жиі айтып жүр. Дәрігерлердің пікірінше, диеталық әрі қауіпсіз ақуыздың ең тиімді көзі – күркетауық етінде. Қазақстанда бұл өнімді халықаралық сапа стандарттарына сай өндіріп отырған жетекші кәсіпорын – «Ордабасы Құс» компаниясы. Күркетауық етінің ұлт денсаулығын жақсартудағы маңызы жөнінде кәсіпорын директоры Елена ТЕРЕЩЕНКОМЕН сұхбаттасқан едік.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

### АЗЫҚ-ТҮЛІК МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМ

**– Елена, «Ордабасы Құс» компаниясының тарихы қалай басталды? Неліктен дәл күркетауық етін өндірумен айналысу идеясы пайда болды?**

– Компания 2010 жылы Қазақстанның тұңғыш Премьер-министрі Сергей Александрович Терещенконың бастамасымен құрылды. Ол – елімізде күркетауық өсіруді өнеркәсіптік негізде алғаш қолға алған көшбасшы. Қазақстандықтарға пайдалы, экологиялық және қауіпсіз өнім ұсынуды мақсат етті. Бұл тек бизнес-жоба ғана емес, салауатты азық-түлік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған стратегиялық қадам болды. Бүгінде «Ордабасы Құс» жылына мыңдаған тонна ет өндіреді, 100-ден астам өнім түрін шығарады және 500-ден астам адамды жұмыспен қамтып отыр.

**– Неліктен күркетауық? Қазақстан нарығында жиі тұтынылатын тауық еті, сиыр еті немесе қой етінен оның ерекшелігі неде?**

– Күркетауық гипоаллергенді, ақуызы мол, құрамында темір бар, майы өте аз, жеңіл сіңеді және балалардан бастап қарттарға дейін барлық жасқа ұсынылады. Сондай-ақ, денсаулығы әлсіз адамдарға, спортшыларға және зиянды өндірісте жұмыс істейтіндерге өте пайдалы.

Дүние жүзінің көптеген елінде күркетауық – күнделікті тағам рационының бір бөлігі. Ал Қазақстанда әлі күнге дейін мерекелік тағам ретінде қабылданады. Дегенмен қазір жағдай өзгеріп келеді. Әсіресе, денсаулығына мән беріп, сапаны таңдағандар күркетауық етін тұтынады.



**– Өнім қауіпсіздігі қалай қамтамасыз етіледі?**

– Өндірістің барлық кезеңінде біз халықаралық сапа стандарттарын сақтаймыз. Құстарды өсу гормондары мен антибиотиксіз табиғи жемімен азықтандырамыз. Барлық өнім міндетті сертификаттаудан және тәуелсіз зертханалық тексеруден өтеді. Біз үшін бастысы – ашықтық. Қазақстандықтардың дастарханында тек таза әрі қауіпсіз ет тұруы керек деп ойлаймыз.

### БАЛА АҒЗАСЫНА ҚАЖЕТТІ ТАПТЫРМАС ТАҒАМ

**– Күркетауық еті мектеп асханаларында пайдаланыла ма?**

– Иә, әрі өте сәтті қолданылып жүр. Шымкентте, сондай-ақ Алматы, Астана, Ақтау және Атыраудағы жекеменшік пен элиталық оқу орындарында күркетауық еті әлдеқашан ас мәзіріне енгізілген. Аспаздар мен ата-аналар балалардың бұл тағамды сүйсініп жейтінін айтады, ал дәрігерлер өсіп келе жатқан ағза үшін ең қолайлы ет түрінің бірі екенін атап өтеді.

Алайда, өкінішке қарай, күркетауық еті әлі күнге дейін мемлекеттік деңгейде әлеуметтік маңызы бар өнімдер тізіміне енгізілмеген. Сол себепті, оны қарапайым мектептер мен балабақшалар сирек сатып алады. Шын мәнінде, дәл осы ет түрі білім беру мен денсаулық сақтау жүйесінде толыққанды, теңгерімді әрі диеталық тамақтанудың негізіне айнала алар еді.

**– Сіздің ойыңызша, бұл саланы дамыту үшін қандай қолдау шаралары қажет?**

– Егер мемлекет шынымен азаматтарының, әсіресе, балалардың денсаулығын ойласа, салаға жүйелі түрде қолдау көрсетуі керек. Бұл – жемге субсидия беру, қайта өңдеуді қолдау, салықтық жеңілдіктер, әлеуметтік мекемелер үшін күркетауық етін тендерлік сатып алуларға енгізу болуы мүмкін.

Күркетауық өсіру – елдің азық-түлік қауіпсіздігіне, импортты алмастыруға, ауылдағы адамдарды жұмыспен қамтуға және экологиялық таза ет өндіруге үлес қосады.

**– Қазіргі таңда тұтынушылардың күркетауық етіне қызығушылығын қалай бағалайсыз?**

– Сұраныс тұрақты түрде өсіп келеді. Адамдар тамақтануға мұқият қарай бастады, құрамын оқиды, зиянды майлар мен қоспаларды алып тастайды. Қазақстандықтардың көбі күркетауық етін тек мерекеге ғана емес, күнделікті асқа да тұтынады. Әсіресе, дайын өнімдер – филе, тартылған ет, котлеттер, шұжық өнімдері, балалар тағамы үлкен сұранысқа ие. Біз тұтынушыларға ыңғайлы болу үшін ассортиментті жаңартып, сату арналарының дамуына көңіл бөлеміз.

### САПАНЫ БАҚЫЛАУ ҮШІН ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕР ЕНГІЗІЛЕДІ

**– Компанияның алдағы жоспарлары қандай? Тұтынушыларды қандай жаңа өнімдер күтіп тұр?**

– Біріншіден, біз нутрициологтармен, диетологтармен және фитнес-мамандармен бірлесіп, халық арасында күркетауық етін насихаттай береміз.

Екіншіден, өнім түрлерін кеңейтуді жоспарлап отырмыз. Оның ішінде шұжық өнімдері мен жартылай фабрикаттар санатында жаңа өнімдер дайындап жатырмыз. Сонымен қатар, онлайн-сатуды күшейтіп, сапаны бақылау үшін цифрлық шешімдерді енгіземіз. Біздің мақсатымыз – отандық өнімді ұсынумен бірге дұрыс тамақтану мен тұтыну мәдениетін қалыптастыру.

**– Сіздің ойыңызша, балабақша мен мектептерде, жалпы ел бойынша салауатты тамақтануды, соның ішінде күркетауық етін енгізу үшін қандай жүйелі қадамдар қажет?**

– Күркетауықтың еті – жай ғана сәнді тағам емес, денсаулыққа пайдалы өнім, балалардың денсаулығына қамқорлық жасаудың бір жолы. Оны мектептің ас мәзіріне, үйдегі дастарханға, сондай-ақ емдік және қалпына келтіру тағамдарына қосуға кеңес береміз. Өйткені, балалар – біздің болашағымыз, ал оларға ең жақсысын беру – бәріміздің міндетіміз.

«Ордабасы Құс» сияқты кәсіпорындарды қолдау – бұл жай ғана инвестиция мәселесі емес, ұлттық азық-түлік қауіпсіздігінің стратегиясы және әрбір қазақстандықтың әл-ауқатына деген қамқорлық деп санаймын.

**Наталья ГЛУШАЕВА,**
**Гүлжанат СЕМБАЕВА.**

ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУ

# «ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҮЗДІК ТАУАРЫ»

**Республика сарайында «Қазақстанның үздік тауары» атты республикалық ұлттық байқау-көрменің аймақтық кезеңі өткелі отыр. Ұйымдастырушылар – Алматы қаласы әкімдігі мен «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Дәстүрге айналған көрменің басты мақсаты – отандық тауар өндірушілерді қолдау және ілгерілету, шағын және орта бизнесті дамыту, сапалы әрі бәсекеге қабілетті өнімдер арқылы нарықты толықтыру, отандық тауар тұтыну мәдениетін қалыптастыру сияқты игіліктерді жүзеге асыру. Айтулы көрмеге Алматы қаласы бойынша түрлі өндіріс саласында жұмыс істейтін 63 компания қатысады.

Үш аталым бойынша өтетін байқау барысында «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халық тұтынатын үздік тауарлар» мен «Үздік азық-түлік тауарлары» ұсынылады. Жалпы, әр номинация бойынша үш жеңімпаз анықталады. Сонымен қатар, аймақтық кезеңнің жеңімпаздары республикалық финалға жолдама алып, «Қазақстанның үздік тауары» атағына үміткер бола алады.

Көрме барысында концерттік бағдарлама және марапаттау рәсімі өтеді. Сонымен қатар, көрме аясында Алматының 40 өндірушісінің (ШОБ және жеке кәсіпкерлер) жергілікті немесе аймақтық ресурстардан жасалған өнімдері ұсынылатын «Бір ауыл – бір өнім» (БАБӨ) жобасы бойынша жәрмеңке өтеді. Сондай-ақ, жәрмеңке қорытындысы бойынша ұйымдастырушылар 10 үздік өндірушіні іріктеп алып, оларды өңірлік Бренд-комитеттің іріктеуіне жібереді. «Бір ауыл – бір өнім» жобасы «Атамекен» ҰКП-мен ҚР Ұлттық экономика министрлігінің тапсырысы бойынша «Мен кәсіпкер» бағдарламасының «Кәсіпкерлік әлеуетті дамыту» құралы аясында жүзеге асырылып келеді.

Жалпы, өткізіліп отырған жоба бірегей жергілікті өнімді (бал, тосап, тоқыма, кәдесый) брендпен және қаптамамен шығару, өндірісті дамыту, соның ішінде ауылдық жерлерде; шағын бизнесті, қолөнершілерді, әйелдер мен отбасылық кәсіпті қолдау; сондай-ақ жалпы өңірдің дамуына, жұмыспен қамтуға және экспортқа үлес қосуға бастамашы болып отыр.

МАРАПАТ

# ЖАҺАНДЫҚ БІЛІМ БӘСЕКЕСІ:

## халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары марапатталды



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада халықаралық пән олимпиадалары жеңімпаздарымен және жүлдегерлерімен кездесті. Іс-шараға 24 лауреат, атап айтқанда, 4 алтын, 11 күміс және 9 қола медаль иегері шақырылды. Оқушылар химия, математика, физика, география, информатика және биология пәндерінен үздік нәтиже көрсеткен.**

**Рая ЕСКЕНДІР**

Ел Президенті қазақстандық оқушылардың жеңістері елдің беделін арттырып, соңғы жылдардағы әсерлі жетістіктер отандық білім беру сапасының жоғары деңгейін дәлелдейтінін атап өтті. Жастарды жеңістерімен құттықтап, шынайы ризашылығын білдірді. Олардың халықаралық беделді білім сайыстарында топ жарып, Қазақстанның атын әлемге паш етуін зор жетістік ретінде бағалады. Шәкірттерінің қабілетін ұштаған ұлағатты ұстаздар мемлекеттік марапатқа лайық екенін тілге тиек етіп, озық ойлы ұрпақ тәрбиелеген ата-аналарға алғыс айтты.

«Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығу, әлемдік жарыста жеңіске жету оңай емес. Білімге деген ұмтылыстың, нағыз еңбекқорлық пен табанды іс-әрекеттің арқасында осындай биікке шығып жатсыздар. Расында, дарынға ие болу, бұл – бақыт. Бірақ жай ғана еңбексіз дарын жетістіктің кепілі бола алмайды. Дарынның көзін ашу керек және оны толығымен пайдалана білу қажет. Әр жеңіс, әр медаль тынымсыз ізденіспен, маңдай термен, үздіксіз дайындықпен келеді», – деді Мемлекет басшысы.

Президент атап өткендей, жастарымыз жаһандық спорт және өнер додаларында жеңімпаз атанып, туымызды көкте желбіретіп жүр. Білім саласындағы беделіміз де артып келе жатыр. Былтырдан бері қазақстандық оқушылар 30-дан астам халықаралық олимпиада мен ғылыми жарысқа қатысып, мыңға жуық медаль алды. Оның 200-ге жуығы – алтын, 300-ден астамы – күміс, ал 500-ге жуығы – қола медаль. Бұл тамаша көрсеткіш Қазақстандағы білім сапасының жоғары деңгейінің дәлелі. Жастарға барынша жағдай жасау – мемлекеттің басты міндетінің бірі.

– Қазіргі таңда еліміздің әр аймағында заманауи үлгідегі «Келешек мектептері» ашылуда. Мұғалім мәртебесін көтеруге баса мән беріліп жатыр. Ғылым жолына түскен жастарға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Бұл ретте «Болашақ» халықаралық стипендиясы тиімді рөл атқаруда. Жоба аясында мыңдаған жас азамат әлемнің озық университеттері мен зерттеу орталықтарында білім алды. Бүгінде олардың көбі елімізді өркендетуге мол үлес қосуда. Алдымызда тұрған міндет – осы стипендияға нағыз қабілетті, дарынды балаларды іріктеу. Кездейсоқ адамдарды қосуға болмайды. Сондықтан келесі жылдан бастап халықаралық олимпиада жеңімпаздарын «Болашақ» бағдарламасы бойынша оқуға жіберу туралы шешім қабылданды. Осылайша біз дарынды әрі талапты жастарға жан-жақты қолдау көрсете береміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент тұжырымдағандай, халықаралық беделді олимпиадалардағы жастардың жетістіктері ұлтымыздың зияткерлік қуаты мен өскелең ұрпақтың зор әлеуетін танытады. Ол елімізге ғалымдар, инженерлер, педагогтар, дәрігерлер мен басқа да жоғары білікті мамандар қажеттігіне, әсіресе, жасанды интеллект саласындағы мамандар айрықша сұранысқа ие болатынына маңыз берді. Инновация мен жоғары технологиялар негізінде еліміздің алдағы даму кезеңдерінің берік іргетасы қалануда.

Мемлекет басшысы жастарға ғибратты сөзін арнады: «Біз қазір бәріміз бір ел болып Әділетті, Таза әрі Қауіпсіз Қазақстанды құрып жатырмыз. Бұл – жай саяси науқан емес. Бұл – мемлекеттілігімізді нығайту деген сөз. Осы ауқымды жұмысты жастарымыз үшін бастадық. Енді оны міндетті түрде орындауымыз қажет. Оның бар игілігін, ең алдымен, өскелең ұрпақ, яғни Сіздер көресіздер! Мен еліміздің жастарына зор сенім артамын. Қазақстан жастары көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, дарынды, еңбекқор азаматтар деп үнемі айтып жүремін. Ұл-қыздарымыз әрқашан адал азамат деген атқа сай болсын деп тілеймін. Ең алдымен Отанға, елімізге адал болыңыздар. Сіздер халқымызды жер жүзіне зияткер ұлт ретінде танытып жүрсіздер. Әрдайым ізденіс пен еңбек жолында болыңыздар. Өскелең ұрпақ Сіздерге – талантты жастарға қарап бой түзейді», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Салтанатты жиынға қатысушылар сапында еліміздің әр өңірінің, соның ішінде Алматы қаласының да дарынды оқушылары болды. Жеңімпаз жастар бағалы сыйлықтармен – заманауи планшеттер мен 1500, 1000 және 500 айлық есептік көрсеткіш көлемінде ақшалай сыйақы сертификаттарымен марапатталды. Елімізді әлемдік аренада лайықты деңгейде танытқан алматылықтар – Әмірлан Аманжолов пен Мирон Юркевич (Халықаралық математика олимпиадасының (IMO) күміс жүлдегерлері), Ерасыл Алтынбек (Халықаралық математика олимпиадасының (IMO) қола жүлдегері), Дәужан Бекетов (Халықаралық информатика олимпиадасының (IOI) қола жүлдегері), Әлихан Әшірханов (Халықаралық биология олимпиадасының (IBO) қола жүлдегері).

ҮКІМЕТТЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

## Жаңа оқу жылы:

# ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СЕРПІЛІС

**Үкімет жаңа оқу жылына дайындық барысын қорытындылап, білім беру жүйесінде бірқатар ауқымды өзгерістер енгізуге кірісті.**

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен жиында мектепке дейінгі ұйымдардан бастап, колледждер мен жоғары оқу орындарына дейінгі барлық білім беру мекемелерінің инфрақұрылымын жаңғырту, қауіпсіздік жүйесін жетілдіру, цифрландыру және тәрбие бағдарламаларын енгізу мәселелері талқыланды.

1 қыркүйекке дейін елімізде 115 мың жаңа оқушы орнына арналған 83 мектеп ашылады. Оның ішінде 57-сі – «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында. Жыл соңына дейін 140 мың орынды тағы 111 мектеп пайдалануға берілмек. Сонымен қатар, 245 білім ошағында күрделі жөндеу жүргізілуде, олардың басым бөлігі – ауылдық мектептер.

Президент бастамасымен енгізілетін «Адал азамат» бірыңғай тәрбие бағдарламасы барлық білім беру мекемесінде жүзеге асады. Бағдарлама аясында ата-аналар комитеттері трансформацияланып, мектептер бірыңғай дизайн-кодпен безендіріледі. Сонымен қатар, буллингке қарсы Kiva және «ДосболLIKE» жобалары барлық мектепке енгізіледі.

Колледждер дуалды оқытуды кеңейтіп, 135 мың студентті өндірістік тәжірибемен қамтуды жоспарлап отыр. Жоғары оқу орындарында инженерлік, IT, педагогикалық және медициналық бағыттарға басымдық берілмек. Білім беру нысандарының 98%-ында лицензияланған күзет, 96%-ында дабыл түймесі, 81%-ы полицияның жедел басқару орталықтарына қосылған. Әлеуметтік қолдау аясында биыл 500 мыңнан астам бала мектеп формасы мен оқу құралдарын тегін алады. Жаңа оқу жылының қарсаңында мемлекет қолдауына мұқтаж балалардың барлығына дер кезінде материалдық және әлеуметтік көмек көрсетілуге тиіс. Ол үшін биыл 23 млрд. теңге көлемінде бюджет қаражаты бөлінген. Өңір әкімдеріне осы жұмысты бақылауға алу міндеттелді.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысының бірыңғай қауіпсіздік жүйесін енгізу жөніндегі тапсырмасы сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуы керек екенін атап өтті. Білім беру мекемелерінде лицензиясы бар күзет, турникеттер, жедел басқару орталықтарына қосылған камералар міндетті түрде болуға тиіс. Мұның барлығы оқу орындарында балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігіне кепілдік береді. Сондай-ақ, Оқу-ағарту министрлігіне өңір әкімдіктерімен бірге 1 қыркүйекке дейін барлық оқушыларды оқулықтардың толық жиынтығымен қамтамасыз ету тапсырылды. Оқу-ағарту министрлігінің дерегінше, биылғы оқу жылында 11,8 мың мектепке дейінгі ұйымда 1 млн.-нан астам бала тәрбиеленіп, білім алады.

Оның айтуынша, 135 балабақшада 7 мыңнан аса бүлдіршіннің мемлекеттік тілді қолдану дағдысын арттырған «Тілге бойлау» және ата-аналарға 5 жасқа дейінгі балаларды отбасы жағдайында дамытуға көмекші болған «Беске дейін үлгер» жобалары жаңа оқу жылынан бастап, мектепке дейінгі білім беру деңгейіне жаппай енгізілмек. Мектеп жасына дейінгі балаларды адал еңбекке баулу мақсатында 12 мың баланы қамтитын жаңа жоба қыркүйек айынан бастап, еліміздегі 100 балабақшаға пилот ретінде енгізіледі.

1 қыркүйектен бастап жаңа Тамақтану стандарты енгізіледі. Ол қант пен тұз тұтынуды бірнеше есеге азайтуды, ал көкөніс, жеміс және сүт өнімдерін көбейтуді көздейді. Ас мәзірін енді денсаулық сақтау басқармалары қадағалайды. Денсаулық сақтау министрлігі мен өңір әкімдіктеріне тамақтандыру стандарттары мен санитариялық нормалардың сақталуына бақылауды күшейту тапсырылды.Сонымен қатар, мектептердегі медициналық пункттер жабдықталуы мен кадрлық қамтамасыз етілуі жақсарып келеді.

Цифрлық даму министрлігі Массачусетс технологиялық институтымен бірлесіп, жасанды интеллектті мектеп бағдарламасына енгізуді бастады. 1–4-сынып оқушыларына арналған «Day of AI» сабақтары қазақ және орыс тілінде қолжетімді болады, ал кейін бағдарлама 1–12-сыныпты толық қамтиды. Сонымен қатар, «Әлеуметтік әмиян» пилоттық жобасы іске қосылды. Ол арқылы ата-аналар баласының мектепте тегін тамақ алғанын онлайн бақылай алады. Биыл 93 мыңнан астам студент мемлекеттік грант иегері атанды. Студенттердің жатақхана мәселесін шешу үшін жыл соңына дейін 10 мың орынды 29 жатақхана ашылады.

*ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ*

**Ғани БЕЙСЕМБАЕВ,**
**ҚР оқу-ағарту министрі:**



### Жаңа бағдарламалар

Қазіргі таңда елімізде 8 мыңнан аса мектепте 4,1 млн. оқушы білім алуда. Биыл 341 мың бүлдіршін 1-сыныпқа қабылданады. 11-ші – бітіруші сыныпқа 232 мың оқушы өтті. Жаңа оқу жылының ерекшелігі – орта білім беру жүйесіне жасанды интеллект енгізіледі. Балаларды мектепте қауіпсіз тамақтандырумен қамтамасыз етуге қатысты жаңа оқу жылынан бастап бірқатар оң өзгеріс қабылданды. Мәселен, білім ұйымдарында тамақтандыруды ұйымдастырудың жаңа стандарты бекітілді, мәзір әзірлеу құзыреті білім басқармаларынан денсаулық сақтау басқармаларына өтті, тағамды дайындау барысын қадағалау міндеті мектептердегі медицина қызметкеріне жүктелді.

**• Сонымен, Үкімет отырысында қозғалған мәселелерден түйгеніміз, жаңа оқу жылы қарсаңында еліміздің білім беру жүйесі бірден бірнеше стратегиялық бағытта жаңаруда – мектеп құрылысы мен жөндеу, тәрбие бағдарламалары, қауіпсіздік стандарттары, цифрлық технологиялар және әлеуметтік қолдау. Бұл кешенді қадамдар Президенттің «білімді, отаншыл әрі жасампаз ұрпақ тәрбиелеу» жөніндегі тапсырмаларын іске асыруда негізгі тетік болмақ.**

**Т.ДЕРБІСАЛИН.**
**(Дереккөз: primeminister.kz).**

Almaty AQSHAMY
№73 (6635) 15 тамыз, 2025 жыл


Алматы қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 13 тамыздағы №3/470-1119 қаулысы

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 7 наурыздағы №34.1-34.05/685-И хаты негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тұру-бұрылу алаңын салу үшін Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, «Шуақты» шағынауданында орналасқан 7 (жеті) жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.
2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2028 жылдың 31 желтоқсанына дейін болып белгіленсін.
3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 155, 6-қабат, 605-кеңсе болып белгіленсін.
4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.
5. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасының «Қала жер орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны заңнамада белгіленген тәртіппен меншік иелерін хабардар етсін.
6. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:
1) заңнамамен белгіленген тәртіпте жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;
